Наурыз

Ұлыс оң болсын!

AIQYN

БЕЙСЕНБІ №31 (4571)
20.03.2025

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

www.aikyn.kz
e-mail: aikyn.kz.gazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

ТАҒАЙЫНДАУ

Мемлекет басшысының Жарлығымен Ерлан Ақкенженов Қазақстан Республикасының Энергетика министрі лауазымына тағайындалды.

АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ НАЗАРДА

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі ислам ұйымының Бас директоры Берік Арынмен кездесті. Сұхбат барысында тараптар азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы қазіргі сын-қатерлерді еңсеруге және елдің агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытуға қатысты мәселелерді талқылады.

Мәулен Әшімбаев өз сөзінде азық-түлік тапшылығы мен аштық қазір жаһандық күн тәртібіндегі ең өзекті мәселелердің бірі екенін айтты. Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметтеріне сәйкес, әлемде 340 миллионнан астам адам азық-түліктің жетіспеуінен зардап шегіп отыр. Ал екі миллионға жуық адам аштықтың алдында тұр.

Осы ретте қазіргідей геосаяси шиеленіс және экологиялық қатерлер жағдайында Қазақстанның бастамасымен құрылған Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі ислам ұйымының қызметі ерекше маңызға ие болып отыр.

«Президент Қасым-Жомарт Тоқаев азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету Қазақстанның алдында тұрған стратегиялық міндеттердің бірі екенін айтты. Бұл бағытта Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі ислам ұйымы жаһандық азық-түлік мәселелерін шешу жолында маңызды рөл атқарады. Біз ұйымның гуманитарлық дағдарысқа ұшыраған елдерге, оның ішінде Ауғанстан тұрғындарына көмек көрсету жөніндегі бастамаларын жоғары бағалаймыз», – деді Мәулен Әшімбаев.

Кездесу барысында Мемлекет басшысының тапсырмасымен Қазақстанда ауыл шаруашылығы саласын мемлекеттік қолдау және халықты қолжетімді әрі сапалы азық-түлікпен қамтамасыз ету бағытында жүйелі шаралар қабылданып жатқаны айтылды. Соның аясында Сенат депутаттары еліміздің азық-түлік тәуелсіздігін нығайту мәселесін басты назарында ұстап келеді.

Сонымен қатар тараптар Орталық Азия елдерінің агроклиматтық жағдайы, экологиялық проблемалары және экономикалық байланыстары ұқсас екеніне назар аударып, ортақ тәсілдерді әзірлеу үшін аймақтағы ынтымақтастықты арттыру тетіктерін талқылады.

Сондай-ақ Сенат Төрағасы Бахрейнде ұйымдастырылған халықаралық конференция аясында діни лидерлермен болған кездесулердің қорытындыларына назар аударды және Берік Арынды 2025 жылғы 17-18 қыркүйекте Астанада өтетін «Діндер диалогі: болашақ жолындағы синергия» атты Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VIII съезіне қатысуға шақырды.

РЕФОРМА
ЕЛДІҢ БОЛМЫС-БІТІМІН ТҰТАСТАЙ ЖАҢАРТТЫ

Мәжілістің осы аптадағы жалпы отырысы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты тарихи Жолдауының үш жылдығына арналды. Оған Мәжіліс депутаттарымен бірге омбудсмендер, мәслихаттар мен саяси партиялардың төрағалары, мемлекет және қоғам қайраткерлері, Мәжіліс жанындағы қоғамдық палата мүшелері мен БАҚ жетекшілері қатысты. Отырыста атқарылып жатқан жұмыстар кеңінен пысықталып, реформаларға жоғары баға берілді. Мәжіліс депутаттары Әділетті Қазақстан құру қағидаттарына негізделген қарар қабылдады.

ЕЛДІҢ ЕҢСЕСІН КӨТЕРІП, ҰЛТЫМЫЗДЫ ҰЙЫСТЫРҒАН ЖОЛДАУ

Қазақстанда әр іс-әрекеттен заң мен тәртіпке негізделген әлеуметтік мемлекеттің айшықты бейнесі айқындалып келеді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ел тізгінін қолына алған сәттен бергі жүзеге асырып келе жатқан саяси реформаларын іске асыру – мемлекеттік құрылыстың жаңа тарихи кезеңі саналады. Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов өз баяндамасында осыдан тура үш жыл бұрын, 2022 жылғы 16 наурызда, дәл осы залда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қазақстандықтарға тарихи Жолдауын жариялағанын атап өтті. Мәжіліс Спикері әлем үшін де, Қазақстан үшін де алмағайып, күрделі сынақтар кезеңінде Президент Жолдауының елдің еңсесін көтеріп, рухын оятқанына, ұлтымызды ұйыстырғанына назар аударды.

«Шын мәнінде, Жаңа, Әділетті Қазақстан қол жетпес арман емес. Ол – халқымыздың талап-тілегінен, қоғамның сұранысынан туындаған қажеттілік, өмірдің шындығы. Ал реформалар – жай ғана заңды өзгерту емес, тұтас мемлекет пен қоғамның болмыс-бітімін жаңарту, жаңғырту», – деді Ерлан Қошанов.

(Жалғасы 2-3-беттерде)

«АСЫЛ МҰРА»
АУДИОЖИНАҒЫНЫҢ ТҰСАУКЕСЕРІ ӨТТІ

Астанада Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қариннің қатысуымен қазақ халқының ұлттық ән-күйі мен фольклорлық мұрасы топтастырылған «Асыл мұра» аудиожинағының тұсаукесері өтті.

«Қазақстан» республикалық телерадиокорпорациясы жарыққа шығарған «Асыл мұра» жинағы – Қазақстанның музыка өнері тарихында халықаралық стримингтерде кеңінен таралған ең ірі жинақ. Жоба Ozen музыкалық лейблымен бірге жүзеге асырылды.

Жинаққа «Алтын қорда» сақталған 400 күй, 300 жыр-терме, 400 халық әні мен халық композиторларының әндері, 100 ертегі, 50 бесік жыры, 250 ретро хит ән енгізілді. Аудиожинақтың ерекшелігі – мұндағы шығарманың көбі аутентикалық формада, яғни алғашқы орындаушылары жеткізген түпнұсқа күйінде берілген.

Жобаға енген таңдамалы 1 500 аудиожазба Apple Music, Spotify, Yandex Music, YouTube Music сияқты әлемге танымал 100-ден астам музыкалық платформаға жүктелді. Сондай-ақ туындылар «Қазақстан» телерадиокорпорациясының altynqor.com сайтына енгізілді.

Салтанатты жиында сөз сөйлеген Мемлекеттік кеңесші «Асыл мұра» аудиожинағының жарыққа шығуы және ұлттық саз өнері мұрасының әлемдік платформаларда қолжетімді болуы тәл мәдениетіміздің дамуына тың серпін беретінін атап өтті.

Ерлан Қарин «Мемлекеттік телерадиокорпорацияның қорында ғана сақталған 1 500 түпнұсқа туынды әлемдік музыкалық платформаларда жарияланып отыр. Бұл жоба Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың IV отырысында көтерген Ұлттық цифрлық мұрағат құру жөніндегі бастаманы жүзеге асыруға септігін тигізеді. Мұндай жобалар ұлттық мәдени контентті жүйелеуге жол ашып қана қоймай, өнерпаздардың жаңа буынына, өскелең ұрпаққа сенімді әрі бай дерек көзі болады. Сондай-ақ жасанды интеллектінің жадын едәуір толықтырады», – деді.

Жинақ еліміздегі ұлттық кітапханаларға, Өнер университеттерінің кітапханаларына беріледі, сондай-ақ еркін саудаға шығарылады.

Жамбыл АРТЫҚБАЕВ, профессор:

НАУРЫЗДЫ ЖАҢА ЖЫЛ ЕСЕБІНДЕ СЕЗІНУІМІЗ КЕРЕК

Сонау тас дәуірінен бастап бүгінге дейін үзілмей келе жатқан көне мейрамның бірі – Наурыз мерекесі. Бойына мейірімділік пен ынтымақты, молшылық пен жаңаруды сыйдырған осы мереке төңірегінде айтылар дау көп, талас та жетерлік. Осы орайда Ұлыстың ұлы күніне орай танымал тарихшы-этнограф Жамбыл Артықбаевпен мейрамның мән-маңызы туралы әңгімелескен едік.

(Жалғасы 5-бетте)

ЖЫЛЫ-ЖЫЛЫ СӨЙЛЕСЕК, ЖЫЛАН ІНІНЕН ШЫҒАДЫ

Халықтық жыл санауға байланысты алғашқы деректерді сонау VIII ғасырдағы Күлтегін ескерткіштерінен және Махмұт Қашқари еңбектерінен көруге болады. Бұл дәстүр сол ескі заманның өзінде-ақ аңызға айналып кеткен.

→ 6

ҰМЫТ ҚАЛҒАН ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР

Қазақ ұлттық ойындары көп болғанымен, оның біразы ұмытылды. Оған себеп – Кеңес үкіметін құру кезеңіндегі ойындарды «ескінің қалдығы» деп ешкім ескермеді, баспа беттерінде жарық көрмеді.

→ 8

20 НАУРЫЗ 2025 | БЕЙСЕНБІ

РЕФОРМА ЕЛДІҢ БОЛМЫС-БІТІМІН

(Басы 1-бетте)

Мәжіліс Спикері үш жыл бұрын елімізде басқару жүйесінің бұрынғы қағидаттары толықтай қайта қаралып, билік тармақтары арасында тиімді теңгерім орнатылғанын, мүлде жаңа мемлекеттік-саяси жүйе қалыптасқанын баса айтты.

Аралас сайлау жүйесі бойынша өткен Парламент сайлауы қоғамды оятты, халық жаңа көшбасшыларды іздеп, оларды белсенді түрде ұсына бастады. Ал әкімдерді сайлау электоралдық науқанды қалыпты, үйреншікті жағдайға айналдырып, азаматтарға шешім қабылдау үдерістеріне әсер етуге нақты тетіктер берді.

«Енді Президенттің жанында жаңартылған, қажетті өкілеттіктері бар және қоғамның сеніміне ие болған Парламент, Үкімет, Конституциялық Сот және саяси партиялар пайда болды. Әр іс-әрекеттен заң мен тәртіпке деген құрмет көрініп тұратын әлеуметтік мемлекеттің айшықты бейнесі айқындалып келеді. Осы сәттен бастап Әділетті Қазақстан жай ғана ұран емес, нақты мүмкіндікке айналуда», – деді Мәжіліс Спикері.

Ерлан Қошанов Парламенттегі заң шығару процесі түбегейлі өзгеріске ұшырағанына тоқталды. Бұған дейін заң жобаларының басым бөлігі Үкімет тарапынан әзірленіп, ұсынылатын болса, қазір депутаттардың заң шығарушы рөлі айтарлықтай арттты. Олар маңызды реформаларға өздері бастамашылық жасап, халықтың нақты сұранысына жауап беретін заңдарды қабылдауда.

Конституциялық Соттың құрылуы және омбудсмен институтының жұмысын күшейту сот төрелігі мен әділдікті қамтамасыз етуге жасалған үлкен қадам екені атап өтілді. Конституциялық Сот жаңа құқықтық құрылымда басты орынға ие болды. Қарапайым халықтың өтініштері негізгі оның субъектісіне айналды. Оған тоғыз мыңнан астам өтініш білдіріп үлгерген. Жаңа сот демократиялық бақылаудың және Мемлекет басшысының реформаларын қорғаудың маңызды бөлшегіне айналды. Президенттің адам құқықтарын, балалар құқықтарын қорғау, мүгедектігі бар адамдары және кәсіпкерлерді қорғау жөніндегі уәкілдерге жан-жақты қолдау көрсетуі халықты құқықтық қорғауды жаңа сапалы деңгейге көтерді.

Сондай-ақ Мәжіліс Төрағасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың реформалары Қазақстанды халықаралық қатынастар жүйесінде де жаңа деңгейге көтергенін атап өтті.

«Білікті де тәжірибелі дипломат саналатын Мемлекет басшысының басқаруымен Қазақстан жаһандық саяси процестердің маңызды қатысушысы болып отыр. Еліміз бірден бірнеше беделді халықаралық ұйымда лайықты төрағалық етіп, өзін әлемдік диалог орталығы ретінде көрсетті. Халықаралық сарапшылар Қазақстанды «өңірдегі адал келіссөз жүргізуші» деп атай бастады.

Қазақстанның үлкен жетістігі – бұл БҰҰ Бас Ассамблеясының Алматы қаласын Орталық Азия мен Ауғанстан үшін Орнықты Даму Мақсаттары бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының өңірлік орталығы ретінде бекітуі. Бұл халықаралық аренадағы жауапты әрекетімен және уақыт талабына сындарлы көзқарасымен ерекшеленетін еліміздің орта держава ретіндегі рөлін бекемдей түседі. Еуропадағы аса беделді неміс ғылыми-талдау орталығы – «Ғылым және саясат қоры» (SWP) елімізді орта державалар тізіміне енгізіп, Қазақстанды өңірдегі негізгі ойыншы деп көрсеткенін атап өткен жөн.

Мұның бәрі – Мемлекет басшысының халықаралық аренадағы мақсатты күш-жігерінің маңызды нәтижесі», – деді Ерлан Қошанов.

ПАРЛАМЕНТТІҢ ЫҚПАЛЫ АРТТЫ

Ерлан Қошанов Парламентте заң шығару процесі түбегейлі өзгергенін айтты. Бұрын заң жобаларының басым бөлігі Үкімет тарапынан әзірленіп, Парламентке ұсынылатын болса, бүгінде маңызды реформалардың бастамашысы ретінде депутаттардың рөлі айтарлықтай артты. Олар халықтың нақты қажеттіліктері мен сұраныстарына жауап беретін заңдар қабылдап жатыр. Сонымен қатар үш жыл ішінде жүргізілген реформалар аясында әлеуметтік әділдік қағидаттарын жүзеге асыратын бірқатар маңызды заң қабылданғанын атап өтті. Олардың қатарында заңсыз алынған активтерді қайтару, балалар мен әйелдердің құқықтарын қорғау туралы, «Ұлттық қор — балаларға» және басқа да заңдар бар.

«Осы жерде, соңғы жылдары қабылданған барлық заңға Президенттің «әділеттілік идеясы» арқау болғанын атап өткен жөн. Жердің астындағы және үстіндегі қазына-байлық халықтың меншігі деген норманы Конституцияға шегелеп жаздық. Қазір бұл принцип «Ұлттық қор – балаларға» заңы арқылы жүзеге асырылып жатыр. Бұдан бөлек, жаңадан ашылған ірі кен орындарының 50 пайыздан көбі мемлекетке тиесілі болады. Жер мәселесі де депутаттардың үнемі назарында. Тікелей Президенттің пәрменімен, жұртшылықтың атсалысуымен заңсыз алынған активтерді қайтару туралы заң қабылданды. Соның нәтижесінде екі триллион теңгеге жуық актив елге қайтарылды. Осының бәрі – Президент реформаларының жемісі», – деді Мәжіліс Төрағасы.

Спикер өз сөзінде депутаттық корпус қатыспаған бірде-бір қоғам саласы жоқ екеніне де назар аударды. «Бірлескен күш-жігердің арқасында депутаттар Мемлекет басшысы көтерген көптеген әлеуметтік маңызды мәселені шешуге қол жеткізіп жатыр. Айталық, мұғалімдердің, дәрігерлердің жалақысы, студенттердің стипендиясы өсуде. Дарынды балаларға, халықаралық олимпиадалар мен ғылыми конкурстарға қатысушыларға төлемдер заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз етілген. Ел тарихында алғаш рет жалпы денсаулық сақтау шығындары ішкі жалпы өнімнің 4 пайызына жетті. Дәрігерлерді ауылда жұмыс істеуге ынталандыру жүріп жатыр. Олар тоғыз миллион теңге көлемінде көтерме жәрдемақы алады. Онкоскринингтерді тегін медициналық көмекке қосу үлкен жетістік болды, ол үш жарым миллион адамды қамтиды. Бұл тізімді жалғастыра беруге болады», – деді ол.

Сонымен қатар Ерлан Қошанов Ұлттық құрылтайдың рөліне ерекше тоқталды. Ұлттық құрылтай форум ғана емес, ықпалды қоғамдық-саяси институтқа айналғанын атап өтті. Жуық арада ғана өткен Құрылтайдың кезекті отырысында Мемлекет басшысы бірқатар жаңа міндет қойды. Олардың ішінде салық реформасы, деструктивті діни ағымдармен күрес, сондай-ақ депутаттардың бастамасымен әзірленген шекаралық аймақтарды дамыту туралы заң жобасы бар. Мәжіліс Спикері құрылтайда Мемлекет басшысы жалпыұлттық іс-қимыл жоспарын белгілеп, барлық қазақстандықтарды оны іске асыруға белсенді атсалысуға шақырғанын атап өтті.

«Ұлттық құрылтайдың әр отырысында Мемлекет басшысы ел дамуының маңызды кезеңдерін қорытындылап, алдағы міндеттерді айқындауды игі дәстүрге айналдырды. Президенттің көтеретін мәселелері – тек мемлекеттік деңгейдегі стратегиялық жоспарлар ғана емес, әр азаматтың, әр отбасының өміріне тікелей әсер ететін нақты шаралар. Сондықтан да халық бұл жиынды ерекше ықыласпен күтетіні бекер емес. Осы жолы да Президент аса маңызды, өткір мәселелерге тоқталып, мақсат-міндеттерді айқындап берді. Мәселен, Астана – Арқалық – Торғай – Ырғыз күре жолын салуды тапсырды. Оған қоса, Арқалықтағы әуежай қалпына келтіріліп, жаңа аэровокзалдың құрылысы басталады. Жұртшылық бұл жаңалықтарды ерекше ықыласпен қабылдап жатқанын көріп отырмыз», – деді Ерлан Қошанов.

Сонымен қатар Мәжіліс Төрағасы депутаттарға жүктелген міндеттің аз емес екеніне тоқталды. Атап айтқанда, салық реформасы, деструктивті діни ағымдармен күрес, сондай-ақ депутаттардың бастамасымен әзірленген шекаралық аймақтарды дамыту туралы заң жобаларын қарау қажет. Ал бұл бағыттар елдің дамуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін шешуші рөл атқарады.

«Біз мүлде жаңа, сәт сайын құбылып, өзгеріп жатқан тарихи дәуірде өмір сүріп отырмыз. Ал тарихта екінші мүмкіндік деген болмайды. Халық, ұлт ретінде соны түсінуіміз керек. Жарқын болашақ дегеніміз – тағдырдың жай ғана сыйы емес. Біздің адал еңбегіміздің, төккен теріміздің өтеуі болатынын жадымыздан шығармайық. Бұл жолда ұлт болып, жұрт болып жұмылып, бірге жұмыс істеуіміз керек», – деді Ерлан Қошанов.

Мәжіліс Төрағасының баяндамасынан кейін бірқатар депутат пен шақырылған қонақтар елдегі реформалардың қазіргі жағдайына тоқталып, маңызды бастамалар мен реформалар іске асырылып жатқанын айтты.

Ұлттық ғылым академиясының вице-президенті Асқар Жұмаділдаев елімізде ғылым саласына айрықша көңіл бөлініп отырғаны туралы сөз қозғады. Оның айтуынша, 1946 жылы құрылған Ұлттық ғылым академиясы, яғни Кеңес Одағының қиын кезеңінде іргесі қаланған академияның тұңғыш президенті Қаныш Сәтбаев орасан жұмыс атқарған. Сол кезде ашылған кен орындары бүгінгі қазақ қазынасына 90 пайызын беріп тұр. Аталған кезеңде салынған электр стансалары әлі күнге дейін жұмыс істеп тұр. Бұл өз кезегінде ғылым мен білімнің не екенін адамзатқа көрсетіп отыр. Осы тұрғыдан алып қарасақ, Қасым-Жомарт Тоқаев құлаған академияны қайта тұрғызды.

– Академия кезінде «мемлекет ішіндегі мемлекет» болған. Енді ғылым академиясының бұрынғы әлеуетін қалпына келтіру керек. Яғни, академия жұмысының жаңа принципін орнатуымыз керек. Ол үшін қаржыландыру мен ғылыми институттар құру мәселесін толыққанды шешу маңызды, – деді А.Жұмаділдаев.

«ЕСЕСІ КЕТКЕН» ХАЛЫҚТЫҢ ҚАЗЫНАСЫ ТОЛДЫ

Үш жыл бұрын елімізді шарпып өткен қайғылы Қаңтардан кейін нақты әрі батыл қолға алынған тағы бір өзгерістің бірі – сайлау жүйесі. Бұл – тәуелсіз кандидаттардың Парламентке өтуіне мүмкіндік берді. Осылайша, Мәжілісте мажаритарлық мандатпен келген депутаттардың бір шоғыры пайда болды.

– Мен – 25 жылдық оппозициялық қоғамдық қызметтен кейін мемлекеттік биліктің бір өкілетті бұтағына сайлау арқылы келген адаммын. Бұл арадағы негізгі тірек тіркес – сайлау арқылы. Бұдан 20 жыл бұрын жойылған бірмандатты мажоритарлық сайлау және сайлану мүмкіндігі Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бастамашылық еткен реформаның арқасында қайтадан қалпына келгені даусыз. Біз бұл сайлау жүйесінің мүмкіндігін дамыта түсуіміз керек, – деді депутат Ермұрат Бапи.

Осы орайда Ермұрат Бапи «Әділетті Қазақстан» құру жолындағы маңызды қадамдарды атап өтті.

– Президенттің «Әділетті Қазақстанды» қалыптастыру мақсатында жылыстатылған активтерді елге қайтару бастамасын бірінші кезекте айту керек. Бұл Мемлекет басшысының өз сайлаушыларына, яғни Қазақстан халқына берген президенттік уәдесі ғана емес, ең бастысы, перзенттік парызы деп түсіну керек. «Ескі жүйеде» есесі кеткен халықтың қазынасын толтырудың қамымен кейінгі екі жылдың ішінде 2 трлн теңгеге жуық актив қайтты деген ақпарат бар. Басқасын қайдам, сол 2 трлн-ның тең жартысын екі олигарх қана қайтарған екен. Ал Президенттің тілімен айтқанда, «ел қазынасының жартысын иеленіп алған олигархтан қайтарылуға тиіс активтер қайда? Елде баяу болса да, қадау-қадау жүзеге асып жатқан реформалар турасында айтқанда, Президенттің тікелей өкімімен құрылған Ұлттық құрылтайды да ауызға алмауға болмайды. Ел дамуының болашақ стратегиялық перспективасын анықтауға септігін тигізетін бұл құрылым қоғам мен мемлекеттік билік арасындағы диалогтік алаңға айналғанын жуықта ғана өткен Бурабай құрылтайы тағы да дәлелдеді. Жергілікті әкімдердің сайланып қою жөніндегі Президенттің тағы бір реформалық бастамасын тілге тиек еткім келеді. Иә, бұл мемлекеттік басқару вертикалын демократияландыруға бастайтын батыл қадам болғаны даусыз, – деп сөзін түйіндеді Ермұрат Бапи.

Президент реформалары әлеуметтік маңызды мәселелерді шешуде де басым бағыттарды айқындап бергені белгілі. Мәселен, мұғалімдердің, дәрігерлердің жалақысы, студенттердің стипендиясы өсіп жатыр. Дарынды балаларға, халықаралық олимпиадалар мен ғылыми конкурстарға қатысушыларға төлемдер заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз етілді. Ел тарихында алғаш рет жалпы денсаулық сақтау шығындары ішкі жалпы өнімнің 4 пайызына жетті. Дәрігерлерді ауылда жұмыс істеуге ынталандыру жүріп жатыр. Өйткені Мәжіліс депутаты Асхат Аймағамбетовтің айтуынша, мұғалімдер – еліміздегі ең ірі кәсіби қауым.

– 500 мыңнан астам педагог – Қазақстанның болашағын қалыптастыратын жандар. Білім – бұл жарық. Егер мұғалімнің шамы сөніп қалса, барлық қоғам қараңғыда қалады. Сондықтан да Мемлекет басшысы реформаларын дәл осы ұстаздардан бастады. Мұғалімдердің орташа жалақысы небәрі 109 мың теңге болса, бүгінде ол екі еседен астам өсті. «Педагог мәртебесі туралы» заң қабылданды. Бұрын мұғалім мамандығын түлектер амалсыздан, абыройлы мамандықтарға түсе алмағанда ғана таңдайтын. Ал қазір ол беделді мамандықтың қатарына кірді. Енді бұл мамандыққа ең мықты түлектер түсіп жатыр. Мысалы, педагогикаға түсетін талапкерлердің орташа балы 55-тен 100 балға дейін көтерілді. Педагог мәртебесін көтеру – Президенттің маңызды реформасы әрі балалардың жарқын болашағына деген айқын қадам.

Екінші – Президенттің «Жайлы мектеп» жобасы. Енді мектептің қай жерде орналасқаны маңызды емес – ауылда ма, қалада ма – барлық жерде бірдей, жоғары стандарттар: заманауи жабдықтар, қауіпсіз орта, ерекше балаларға қолжетімділік. Бұл бұрынғыдай тек облыс орталықтарында ашылатын 20-30 элиталық мектеп емес. Бұл – бүкіл ел бойынша, оның ішінде шалғай ауылдарда салынған 217 жаңа әрі жайлы мектеп. Имидждік объектілер емес, шын мәнінде елге қажет мектептер мен ауруханалар салынып жатыр. Өйткені әр жаңа мектеп жай ғана ғимарат емес. Әр мектеп – ол нағыз болашақтың фабрикасы.

Әрине, жасалған істер жетерлік, дегенмен әлі атқаратын ауқымды әрі түйткілді проблемалар да бар. Мысалы, МӘМС бойынша әлі шешілмеген сұрақ көп: МӘМС-пен қамтылмаған 3,5 млн азамат, сапалы медициналық көмекке қолжетімділік, реттелмеген тарифтер проблемалары. Бұл мәселелерге Мемлекет басшысы арнайы тоқталып, тиісті тапсырмалар берді, – деді А. Аймағамбетов.

Оның айтуынша, тағы бір үлкен сұрақ – жүздеген мың азаматтық қызметкер жалақысының төмендігі мен 500 мың мүгедектігі бар жанның бүгінгі нарық пен бағаларға сай келмейтін жәрдемақы мәселесін де болашақта шешу қажет.

– Президент Ұлттық құрылтайда «Адал азамат» пен ұрпақ тәрбиелеу мәселесіне ерекше тоқталып өтті. Енді мұғалімдер мен барлық қоғам сапалы білім мен саналы тәрбие жұмыстарын одан әрі күшейтуі қажет. Атқарылған реформалардың барлығы – ел Президентінің жаңа, заманауи саясатының айқын көрінісі. Егер бұрын әлеуметтік саясат салдармен күресуге бағытталған болса, қазір проблемалардың алдын алуға басымдық берілуде.

Бұрын әлеуметтік саясат құлағандарға сүйеу болса, қазір ол адамдарымызды құлатпауға бағытталған, – деді ол.

ИНКЛЮЗИВТІ ҚОҒАМ – ҚАЙЫРЫМДЫ ҚОҒАМ

Ал мемлекет жүйесіндегі ауқымды реформалардың тағы бірі – мүгедектігі бар жандардың қоғамдағы интеграциясы. Президенттің батыл қадамы арқылы Конституцияда мүмкіндігі шектеулі азаматтардың Мәжіліс пен мәслихаттардағы орны арнайы квотамен шегеленді. Мәжіліс депутаты Таңсәуле Серіковтің айтуынша, бұрын әкімдікке, жергілікті органдарға мүгедектігі бар бір азамат қызметке барса, қуанатын едік, ал Парламент мінберінде мүгедектігі бар азаматты көру үлкен арман болатын.

– Бұл өте ауқымды әрі дер кезіндегі проактивті шешім болды. Осының арқасында Мәжілісте 6 саяси партиядан менімен тағдырлас 6 мүгедектігі бар азамат депутат болып сайланды. Кейінгі 30 жылдық тарихымызда мұндай болады деп ешкім ойлаған жоқ. Жалпы, елімізде 737 мың мүгедек жан болса, оның 38%-ы ауылдық жерде тұрады. «Ауыл» партиясы бұл азаматтарға ерекше назар аударып отыр. Еліміздегі әр азаматтың мүддесі өте маңызды. Осыны ескере отырып, депутаттардың бастамасымен Мәжіліс жанынан инклюзивті топ құрылды. Инклюзивті топтың негізгі бағыты – мүгедектігі бар азаматтардың құқығын қорғау жолындағы тиісті нормаларды, заңнамаларды жетілдіру. Бұрын әкімдікке, жергілікті органдарға мүгедектігі бар бір азамат қызметке барса, қуанатын едік, ал Парламент мінберінде мүгедектігі бар азаматты көру үлкен арман болатын. Бұл арманның жүзеге асуын қамтамасыз еткен – осы реформалардың нәтижесі. Инклюзивті Парламент тобының бастамасымен мүгедектігі бар азаматтардың білім мәселесі, спорт мәселесі, жоғары білім алуы, ғылыммен айналысуы қамтылған тиісті нормалар ұсынылды. Арнайы бейімделген көлік шығару бойынша келіссөз жүргізіліп, тиісті бағыттар көрсетілді. Қазір әлеуметтік осал топтарға жататын азаматтарға «Наурыз» бағдарламасы енгізіліп, мүгедектігі бар жандардың жеңілдікпен үй алуына болады. Дегенмен біз сияқты жандарға бұл пайыздың өзі – үлкен ауыртпашылық. Бұл мәселені қайта қарауды, яғни мүгедектігі бар жандарға пайыздық мөлшерлемені едәуір түсіруді сұраймыз, – деді ол.

Қоғамның тұрақтылығы мен дамуы адам құқықтарының қорғалуы, әділеттілік пен теңдік қағидаттарының сақталуымен тығыз байланысты. Қазақстан әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту бағытында жүйелі реформалар жүргізіп келеді. Мәжіліс депутаты Жұлдыз Сүлейменова 2024 жыл – еліміз үшін әйел құқықтарын қорғау бағытында маңызды өзгерістер әкелген тарихи жыл болғанын айтты. Оның айтуынша, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың саяси шешімдері және тиімді реформаларының аясында әйелдердің экономикалық, саяси және әлеуметтік мүмкіндіктері жыл санап кеңеюде. БҰҰ Даму Бағдарламасының Гендерлік әлеуметтік нормалар индексіне сәйкес, еліміз 18 позицияға көтеріліп, әйелдердің білім, саясат және экономикалық қатысудағы гендерлік алшақтықты азайтуда әлемдік аренада өз орнын нықтай түскен.

ТҰТАСТАЙ ЖАҢАРТТЫ

– Әйелдердің саяси өмірге белсенді араласуы – жүргізілген реформалардың нақты нәтижесі. 2021 жылдан бастап енгізілген тікелей әкім сайлауы әйелдердің жергілікті деңгейде сайлану мүмкіндігін арттырды. Бүгінде 2 400 әкімнің 205-і – әйелдер. Бұл көрсеткіш әйелдердің билікке араласуына жол ашқан маңызды қадам. Сонымен қатар меритократия қағидаты негізінде университеттерді басқаруға әйел-ректорлардың келуі – батыл қадамдардың бірі. Бүгінде университет ректорларының 25%-ын әйелдер құрайды.

Президент реформаларының тағы бір басым бағыты – әйелдер мен балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау туралы бастамалары. Президент қызметіне кіріскеннен бастап тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесіне байланысты жүйелі шаралар қабылдап келеді. 2021 жылдан бастап 2024 жылдар аралығында Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі, Ұлттық құрылтай жиындарында Әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықтың өткірлігі туралы айтылды. Осыған байланысты, Президенттің тапсырмасымен Ішкі істер министрлігіне әйелдер мен балаларды қорғау жөніндегі бөлімшелердің штатын қалпына келтіру міндеттелді. Сондай-ақ жыныстық қылмыстарды тергеу үшін арнайы әйел-тергеушілер институты құрылды, – деді Ж.Сүлейменова.

Осындай жүйелі жұмыстың нәтижесінде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жазасы қатаңдатылған, агресорлармен жүйелі әлеуметтік, оңалту және тәрбиелік жұмыстар жүргізу, отбасылық қолдау орталықтарын құру, тәрбие, білім беру және мәдениет салаларын кешенді қамтитын заңдар қабылданды.

– 2024 жылғы 15 сәуірде Мемлекет басшысы «Әйелдердің құқықтарын қамтамасыз ету және балалардың қауіпсіздігі мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдарға қол қойды. Осы реформалардың нәтижесінде елімізде әйелдер туралы ескірген түсініктер мен ғасырлар бойы қалыптасқан стереотиптер өзгеруде. Бүгінде елімізде әйелдердің саясатқа, экономикаға және білім саласына белсенді қатысуы қалыпты құбылысқа айналуда. Бұл – Мемлекет басшысының кешенді, жүйелі реформаларының нақты нәтижесі деп нық сеніммен айта аламыз, – деді ол.

ӘЛІ ДЕ ШЕШІЛЕТІН МӘСЕЛЕЛЕР БАР

Қазір қоғамымызда, халықтың құқықтық санасында заң мен тәртіпті орнықтыру, заң үстемдігін дәріптеу және заңға бағынуды мемлекеттік және азаматтық міндет деп қарауымыз әлі де өзекті. Депутат Бақытжан Базарбектің ойынша, құқықтық сана, заң мен тәртіп орнықтыру, заң үстемдігін дәріптеу және заңға бағыну мәселесінде қордаланған және әлі де болса да шешімін таппай жүрген мәселелер жеткілікті.

– Біріншіден, сот реформасы мен соттардың шешімдері. Біз соттарды реформалау туралы заңды қабылдап, Жоғарғы соттан дербес азаматтық, қылмыстық және әкімшілік істер бойынша кассациялық соттарды құрдық. Сот төрелігіне азаматтардың қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін кассацияны және әкімшілік істер бойынша сот өндірісінің экстерриториалдығын енгіздік. Сөз жоқ, бұл – үлкен жетістік.

Бірақ соттардың заңды күшіне енген шешімдері орындалмай келеді. Себебі барлықтарыңызға белгілі. Ол үшін әлі де заңнаманы жетілдіруіміз қажет, кем тұстарын қоғамның бүгінгі құқықтық сұраныстарына сай өзгерту маңызды. Екіншіден, халықпен кешенді түрде жүргізіліп жатқан құқықтық реформаның жоқтығы, құқықтық нигилизм мен адамдардың сана сезімінде заңды айналып өту, заңға бағынбау, заңның жетілмеген тұстары мен кемшілігін өз жеке пайдасына бейімдеу сияқты іс-әрекеттер жиілеп кетті. Кез келген салада үзілді кесілді заңның үстемдігі орнады деу қиын. Бұл ұзақ уақыт бойы заңдарды лоббистік жолмен олигархтардың мүддесі үшін әзірлеп қабылдағанының салдары. Құрылыстағы лобби, банктік топтар лоббиі, мұнай-газ саласындағы лобби сияқты дүниелер әзірдің өзінде де бар, – деді Б.Базарбек.

Сондай-ақ Бақытжан Базарбек, сот – әділдіктің, ақиқаттың, ең бастысы, адамның құқықтарын жан-жақты қорғайтын институтқа айналуға тиіс екендігіне және әзірше бұл толығымен іске аспай отырғанына тоқталды.

Ал Мәжіліс депутаты Үнзила Шапақтың айтуынша, Мемлекет басшысының бастамасымен осыдан үш жыл бұрын қолға алынған түбегейлі саяси реформалар Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізуден басталды.

– Бұл Конституцияға өміршең серпін беріп, либерал-демократиялық құндылықтардың елімізге дендеп енуіне, дамудың жаңа белесіне көтерілуге негіз болды. Соның ішінде айрықша, шоқтығы биік өзгерістің бірі – Конституциялық Соттың жаңадан құрылуы дер едім. Өйткені бұл – заң мен тәртіптің, адам құқығының сақталуына серпін беретін бірден-бір пәрменді тетік. Енді осынау Конституциялық Сот Әділетті Қазақстан құрып жатқан құқық жүйесіне не берді? Осыған тоқталып өтейін. Біріншіден, Конституцияның үстемдігін толыққанды қамтамасыз етуде билік тармақтарындағы тежемелілік пен тепе-теңдік жүйесін, мемлекеттік биліктің тұрақтылығын сақтауға жол ашылды. Демократиялық жаңғыру мен әділетті қоғам құру жолында маңызды қадамдар жасала бастады. Президент пен Парламент сайлауын өткізудің дұрыстығын, тіпті референдумның барысын бақылайтын толыққанды институтқа айналды. Екіншіден, адам құқығын қорғаудың конституциялық механизмін кеңейтті. Бұрын Конституциялық Кеңеске Президент, Премьер-Министр, Парламент палаталарының спикері, депутаттар санының бестен бірі және судьялар ғана жүгіне алатын. Қазір бұл аталғандардан басқа еліміздің Бас прокуроры, адам құқығы жөніндегі Уәкіл, сонымен қоса барлық азамат жүгініп, өз мәселесін шешуге мүмкіндік алды. Үшіншіден, қолданыстағы заңдардың және олардың жекелеген нормасын Конституцияға сәйкестігін тексеру құзыреті қарқынды жұмыс істеуде. Конституциялық Сот құрылғалы 9000 мыңнан астам азамат жүгініп, оның 8 пайызға жуығы конституциялық өндірістен өтіп, өз шешімін тапты. Сөйтіп, бұрынғыға қарағанда конституциялық құқықтық мониторинг ауқымы кеңейіп, нормативтік-құқықтық актілердің Ата Заңға сәйкестігін тексеру нәтижесі заң шығару үдерісінің сапасын арттыруға, заңнаманың жетілдірілуіне негіз болуда, – деді ол. Депутаттың айтуынша, бүгінде қабылданып жатқан әрбір шешім – ертеңгі ұрпақтың игілігі үшін жасалып жатқан маңызды қадам. Біздің басты міндетіміз – осы реформаларды тиімді жүзеге асырып, олардың халық өмірінде нақты нәтижесін көру.

– Мен заң саласында, оның ішінде Конституциялық Кеңесте қызмет атқарған азамат ретінде Ата Заңымызға енгізілген өзгерістердің өте ауқымды әрі тиімді екенін нақты айта аламын, – деді Ү.Шапақ.

Жалпы отырыста сөз алған депутат Ринат Зайытов аймақтағы депутаттармен бірге атқарушы биліктің де қатары жаңарып, күшейе түскенін, бірқатар проблема ашық түрде талқыланып жатқанына баса назар аударды.

– Халықтың үні, тағдыры мен болашағы, өмірі мен өзегі, ол – Парламент. Қазір Мәжіліс пен мәслихаттардың қарым-қатынасы қоюлап, елдің ортасында жүрген әріптестерімізбен ұдайы хат-хабар алысып отырмыз. Бұл байланыстың нығаюына «AMANAT» партиясы өткізіп келе жатқан Барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының форумы тікелей әсер етті. Аймақтағы депутаттармен бірге атқарушы биліктің де қатары жаңарып, күшейе түсті. Әрине, мемлекттегі оң өзгерістің барлығының негізінде Президенттің ойлы саясаты мен батыл бастамалары тұр. Уығы мықты үйдің ғана шаңырағы шайқалмайтыны баршамызға аян, – деді Ринат Заитов,

Сондай-ақ Ринат Зайытов жеткен жетістіктерге ғана емес, 30 жылда кеткен кемістіктер туралы да айтты.

– Біз оған бүгін назар аударсақ, ол ертеңімізге апат болып келуі әбден мүмкін. Өкінішке қарай, қазіргі қазақ қоғамы өте үлкен жылдамдықпен рухани дағдарысқа ұшырап барады. Күн сайын еліміздің әр түкпірінде бір отбасы бұзылып, бір оқушы зәбір көріп, бір адам кісі қолынан қаза тауып, біреу пара алып, біреу өзіне қол жұмсап, біреу алаяққа жем болып жатады. Мұндай мысалдар таусылмайды. Бүгінгі қазақ қоғамы туғанға тасбауыр, жақынға жау, досына дұшпан болып кетті.

Қоғамның қатыгез бола бастауына не себеп болды десеңіздер, бірден жауап беру қиын. Өйткені оның себебі біреу емес. Тұрмыстағы таршылық, тәрбиенің жоқтығы, жеткіншектерге үлгі болатын тұлғалардың құбыжыққа айналуы, материалды байлықтың бірінші орынға шығуы, әлеуметтік желідегі белгілі тұлғалардан бастап әртүрлі дін мен ұлт өкілдерінің өзара ашық соғысы, т.с.с. осының бәрі адамның рухани тозып, қатыгез болуына әкеліп соғып жатыр. Өзімшілдік пен менмендік қоғамның басты індеті болып тұр. Бүгін ойланбасақ, ертең кеш болмақ. Сондықтан кешіктірмей идеологиялық тәрбие жұмысын күшейтуді бастау керек.

«Тәрбие – тал бесіктен» дегендей, Қазақстандағы мультфильмнен киноға, балабақшадағы тақпақтан романдарға дейін адамдардың бойындағы мейірім мен бауырмалдықты, мемлекетшілдік пен әділдікті насихаттауы керек. Сонда ғана біз Қазақ мемлекетінің байрағын құлатпай, мәртебесін асқақтататын ұрпақ өсіре аламыз. Қазақ мемлекетінің материалдық емес құндылықтарын қайта түгендеп, оны жастардың санасына сіңіру – біздің міндетіміз! – деді ол.

ХАЛЫҚТЫҢ САЯСИ ТЫНЫСЫ АШЫЛДЫ

Ал депутат Ерлан Саировтың айтуынша, Қазақстан бүгінде тектоникалық саяси өзгерістер кезеңін өткеруде. Сондықтан бүгінгі саяси процестерді сараптау үшін кешегі тарихқа көз жүгірту аса маңызды.

– 1990-жылдардың басында елімізде нақты плюрализм мен демократияға бағытталған іс-қадамдар болды. Парламент пен атқарушы билік арасында тепе-теңдік болып, конституциялық құрылысты бақылап отыратын институттар жүйелі жұмыс атқарды.

1995 жылғы Конституция экономикалық реформалар мен әлеуметтік тұрақтылықты жеделдеткенімен, саяси жүйеміз жекелеген топтар мен кейбір тұлғалардың мүддесіне жұмыс істеп кетті. Сөйтіп, билік толықтай сол кездегі Президенттің қолында шоғырланып, Парламент формальды рөл атқарды. Нәтижесінде, қоғамдық процестер бір бағытта ғана жүріп, азаматтар мен билік арасында байланыс үзілді.

2010 жылдан бастап Қазақстанда қоғамдық-саяси дағдарыс ашық түрде өршіді. Мәселен, жер реформасына қарсылық және халықтың әлеуметтік жағдайының төмендеуіне наразылық ретінде кейбір әлеуметтік топтардың бас көтеруі болды.

2019 жылы осындай күрделі кезеңде билік басына Қасым-Жомарт Тоқаев келді. Президент билікке келісімен «Қазақстанда саяси реформалар жасамай, еліміздің тұрақты экономикалық дамуын қамтамасыз ету мүмкін емес» деп мәлімдеді. Тоқаевтың Жарлығымен Саяси реформаларды жоспарлау үшін арнайы Ұлттық Кеңес құрылды. Ұлттық Кеңес елдегі ушығып тұрған саяси процесті эволюциялық жолмен шешуді көздеп, Президент өкілеттілігін Парламентке беру, оппозиция рөлін арттыру, билік тармақтары арасындағы тепе-теңдік мәселелерін қарастырды, – деді Е.Саиров.

Оның пікірінше, саяси реформалар нәтижесінде халықтың саяси тынысы ашылды. Елімізде плюрализм дәрежесі артты. Осы орайда әлеуметтік желі арқылы Қазақстан дүниежүзілік саяси процестің бір бөлігіне айналды. Жаһандық деңгейде қоғам мен истеблишменттің арасындағы қарым-қатынас күрделену үстінде.

– Басты мәселе – елімізде қалыптасқан «жеке басқа табынушылық» процесін жойып, мемлекет пен қоғам арасындағы жаңа тұрпатты, халықтың қоғамдық мүддесіне сәйкес келетін саяси жүйе қалыптастыру. Бұл реформаларға ескі жүйе дәуірінде Қазақстанның саяси сферасына, экономикалық жүйесіне дендеп кіріп алған олигархиялық, бюрократиялық топтар қарсы болды. Осы реваншисттер 2019 жылдан бастап Президент Тоқаевтың реформаторлық курсына жүйелі түрде қарсылық білдірді. Бұл әрекеттері Қаңтар оқиғасындағы ауыр жағдайларға алып келді.

Қаңтар кезеңінде Президент Тоқаев Қазақстан мемлекетін ауыр алапаттан құтқарып қалды! Қаңтар оқиғалары саяси реформаларға жаңа пәрмен берді. Осы жерде баса айтатын мәселе, жоғарыда айтылғандай, саяси реформалар 2019 жылы басталған!

Еуропа, Америка елдерінде азаматтардың «үнемі наразылығы» нормаға айналып келеді. Бұл тенденция бізге де келетіні анық. Тіпті, оның ұшқындарын біз қазір де сезінудеміз. Сондықтан Қазақстандағы саяси реформация перманентті процесс болуы қажет.

Тағы бір мәселе. Дүниежүзі турбулентті заманға енді. Қазақстанның географиялық жағдайы өте күрделі. География ол – тағдыр. Сондықтан жағрафиялық жағдайымыз күрделі мемлекет ретінде, бізге Тәуелсіздік, территориялық тұтастықты сақтау ең басты мәселе. Осы ретте саяси реформалар, плюрализм принциптері мемлекетшілдік, отаншылдық қағидаттарымен ұштасып жатуы қажет.

Халықта мемлекетшілік болуы үшін, елде әділеттілік болуы керек. Сондықтан әлеуметтік мемлекет құруға бағыт алынды! Оның басты дәлелі – еліміздің қазба-байлықтарына мемлекеттің иелігін артырып, несие алушыдардың құқын қорғау, Ұлттық Қор – балаларға тәрізді заңдар. Бұл қадамдар азаматтар мен мемлекеттің бірлігін арттыратын фактор. Тоқаев реформаларының басты логикасы осында! – деді ол.

Президент реформаларының үш жылдық кезеңінде әділеттілік, ашықтық және жауапкершілік қағидаттары ел дамуының жаңа моделін қалыптастырды. Байыпты бағдар мен нақты мақсат үдесінен шығуда Мәжіліс Мемлекет басшысының түбегейлі реформаларын және барлық прогрессивті қоғамдық-саяси күштердің Мемлекет басшысының төңірегінде топтасуын, Әділетті Қазақстан құру жолында жұдырықтай жұмылуын ұдайы қолдайтын болады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты тарихи Жолдауының үш жылдығына арналған отырыста барлық депутаттар мен қонақтар сөз сөйлеген соң Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов еліміздің барлық прогрессивті қоғамдық-саяси күштерін Мемлекет басшысының төңірегінде топтасуға шақырып, Әділетті Қазақстан құру қағидаттарына негізделген қарар қабылдауды ұсынды. Палата Төрағасының ұсынысын қолдаған депутаттар қарарды бірауыздан қабылдады. Қарарда Қазақстан адал еңбек табысқа жетелейтін, заң тұлғалар мен мәртебеден жоғары тұратын, ал болашағы халықпен бірге құрылатын мемлекет ретінде таныстырылды. Ал Мәжіліс Президенттің бағытына қолдау білдіріп, Әділетті Қазақстан құру үшін барлық азаматтарды бірігуге шақыратыны айтылған.

Бұдан бөлек, жалпы отырыста Мәжілістің Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті Қазақстан Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметі арасындағы Инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау жөніндегі келісімді ратификациялау туралы заң жобасын жұмысқа алды.

Дайындағандар
Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ, Нұрлан ҚОСАЙ

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің ҚАРАРЫ

Қазақстан үш жыл бұрын жаңғыру мен әділетті қоғам құру жолын таңдады. Президент көпшіліктің өзгерістерге деген сұранысын іске асыра отырып, мемлекетті нығайтуға және азаматтардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған ауқымды саяси жаңғыру бағдарламасына бастамашылық етті.

Бүгін біз сол трансформацияны қорытындылап отырмыз: мемлекет күштірек, халық белсендірек бола түсті. Қоғам өмірінің барлық саласы мен саяси мәдениет түбірімен өзгерді.

Президенттің байыпты бағдары арқасында реформалар мызғымас сипатқа ие болып, әділеттілік, ашықтық және жауапкершілік қағидаттары ел дамуының жаңа моделін қалыптастырды.

Жаңа саяси философия

Президент елді басқарудың қоғаммен келісімге бағытталған жаңа моделін негіздеп берді:

Халық үніне құлақ асатын мемлекет – өз шешімдерін айтып қана қоймай, қоғамның сұраныстарына негіздеп, халыққа құлақ асатын билік.

Әділеттілік – заң барлығына бірдей және мүмкіндіктер баршаға қолжетімді болатын жағдай.

Күшті институттар – «Күшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» формуласы бойынша билік тармақтары арасындағы оңтайлы теңгерім.

Құқық үстемдігі – тұрақты даму кепілі

Конституция – біздің ортақ келісіміміз және оның принциптері мызғымайды:

Халықпен бірге шешім қабылдау – мемлекет үшін стратегиялық мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға әрбір азамат қатыса алады.

Саяси бәсекелестік – көппартиялы болуының және аралас сайлау жүйесінің арқасында Парламент халық үніне айналады.

Конституциялық Сот – азаматтардың құқықтарын қорғаудың және институттардың тұрақтылығының кепілі.

Күшті институттар – тұрақты реформалар негізі

Елдің дамуы – тең диалог, өзара жауапкершілік және шешімдерді бірлесіп іздеу негізінде мемлекет пен қоғамның ортақ миссиясы.

Президент реформалар мен жаңғыртудың кепілі бола отырып, ел дамуының стратегиялық бағытын белгілейді.

Үкімет қоғамның қажеттіліктеріне назар аудара отырып, экономикалық, әлеуметтік реформаларды әзірлейді және жүзеге асырады.

Парламент заңдарды қабылдап қана қоймай, сонымен қатар мүдделер теңгерімін қамтамасыз ете отырып, бастамаларды қоғамдық талқылау алаңы ретінде қызмет етеді.

Азаматтық қоғам биліктің барлық тармағымен өзара іс-әрекет ету және қоғамдық бақылауды күшейту арқылы шешімдер қабылдау процесінің белсенді қатысушысына айналады.

Азаматтық өзара іс-әрекет принциптері

Ашықтық – өз халқы үшін ашық мемлекет.

Есеп беру – мемлекеттік саясатты іске асыру үшін халық алдында жауап беретін билік.

Шоғырландыру – барлық негізгі шешімдер ортақ пікір негізінде және қоғамдық мүдделердің кең ауқымын ескере отырып қабылданатын ел.

Әділетті болашақ жолындағы бірлік

Қазақстан – адал еңбек табысқа жетелейтін, заң тұлғалар мен мәртебеден жоғары тұратын, ал болашағы халықпен бірге құрылатын ел.

Мәжіліс Президенттің бағытына қолдау білдіріп, басты мақсатымыз – Әділетті Қазақстан құру үшін барлық азаматтарды бірігуге шақырады.

850 МЫҢҒА ЖУЫҚ АЗАМАТ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТ АРТТЫРДЫ

«AMANAT» партиясының «Қарызсыз қоғам» жобасы арқылы 850 мыңға жуық қазақстандық азамат қаржылық сауатын арттырды. Жоба түлектерінің 40%-дан астамы қарыз жүктемесі мен несиелер санын азайтты. Алайда бүгінде азаматтарды интернет-алаяқтардың белсенді әрекетінен қорғау жұмысын күшейту, сондай-ақ қаржы пирамидаларынан зардап шеккен адамдарға көмек көрсету мәселесі аса маңызды болып отыр. Осы мақсатта бүгін «AMANAT» партиясы мен Қаржылық мониторинг агенттігі өзара ынтымақтастық туралы меморандум жасасты. Құжатқа партияның Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек пен Агенттік төрағасының орынбасары Қайрат Бижанов қол қойды.

Дәулет Кәрібек несие қамытын киген азаматтардың борышын азайту мақсатында бес жыл бұрын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен бірреттік шара ретінде 500 мың азаматтың кепілсіз несиесі кешірілгенін атап өтті. Ал мәселені жүйелі түрде шешу үшін Президент тапсырмасы бойынша Мәжілістегі «AMANAT» партиясының фракциясы жеке тұлғалардың банкроттығы туралы және кредит беру кезінде тәуекелдерді барынша азайту туралы заң әзірледі. Атап айтқанда, 2026 жылға дейін банктер мен микроқаржы ұйымдары азаматтардың несиелерін коллекторларға сатуына мораторий жарияланды, тұтынушылық қарыздардың ең жоғары сомасы белгіленді, кепілсіз тұтынушылық қарыздар бойынша сыйақының шекті жылдық тиімді мөлшерлемесі төмендетілді және тағы басқа қадамдар жасалды. Қабылданған түзетулер іс жүзінде банктердің емес, қарапайым адамдардың мүддесін қорғайды.

«Қарызсыз қоғам» жобасы қарызға, қаржылық тұрақсыздық мәселелеріне тап болған адамдарды қолдаудың тиімді тетігіне айналды. Осы жобаның тиімділігін Президент те бірнеше рет атап өтті. Өкінішке қарай, көп азамат өзінің қаржылық құқығын білмейді. Жобаға қатысушылар тек оқу барысында ғана өз қарызының артық төлемін біліп жатады. Сондықтан біздің бастамамыз қазақстандықтар үшін нағыз «құтқару шеңберіне» айналды. Жоба жүзеге асырылып келе жатқан екі жыл көлемінде ел аумағындағы 850 мыңға жуық адам қаржылық сауатын арттыру курсынан өтіп, олардың 70 мыңына заңгерлер көмек көрсетті. Қаржылық мониторинг агенттігімен өзара бірлескен жұмысымыз профилактикалық және білім беру қызметін күшейтуге,

сондай-ақ жобаға барынша көп азаматты тартуға ықпал етеді», – деді партияның Атқарушы хатшысы.

Сондай-ақ Дәулет Кәрібек «AMANAT» партиясы алдағы уақытта да азаматтардың қарызын қайта құрылымдауға және коллекторлармен туындаған дау-дамайларды шешуге көмектесетінін айтты. Бұл, әсіресе 90 күннен астам уақыт төленбей келген несие берешегі бар адамдарға қатысты. Мұндай азаматтардың саны шамамен 1,6 млн адамды құрап отыр. Жалпы, «Қарызсыз қоғам» жобасы арқылы проблемалық несиелер деңгейі 2020 жылғы 18%-дан 2024 жылы 7%-ға дейін төмендеді.

Қаржылық мониторинг агенттігі төрағасының орынбасары Қайрат Бижанов «AMANAT» партиясымен ынтымақтастық орнатып, қаржылық алаяқтыққа қарсы бірлесіп жұмыс істеудің маңызын атап өтті. Ол күш-жігерді біріктіру қадамы қаржылық жауапкершілікті қалыптастыру және азаматтарды алаяқтардан қорғау жұмысына сенімді серпін беретінін жеткізді.

«Бүгінде қаржы пирамидалары белсенді жұмыс істеп жатыр. Олардың басым бөлігі шетелден басқарылады. Былтырдың өзінде Агенттік 29 қаржы пирамидасын анықтап, 41 онлайн құмар ойын алаңын жойды. Қаржылық алаяқтық белгілері бар 327 чат жабылды. Ондағы азаматтардың жалпы саны 1,5 миллионнан асады. «Кибербақылау» жүйесінде қаржы пирамидасы белгілері бар 15 мыңға жуық сайт пен аккаунт және 12 мың онлайн-казино бұғатталды. Биыл екі айда 11 қаржы пирамидасының қызметі тоқтатылды, 4,5 мың сайт пен аккаунт бұғатталды, әлеуметтік желілерде 13 мың әлеуетті салымшысы бар 6 топ, 4 мыңнан астам онлайн-казино сайттары мен аккаунттары жабылды», – деді ол.

Меморандум шеңберінде тараптар бірлесіп оқыту материалдарын әзірлеуге және таратуға, қоғамды алаяқтардың әрекеттері мен оларды танып-білу тәсілдері туралы жедел хабардар етуге, алаяқтардың құрбандарына қолдау көрсетуге, сондай-ақ заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуге ниетті.

Еске сала кетейік, «Қарызсыз қоғам» жобасы 2023 жылы 2 мамырда 12 банктің және 11 мемлекеттік органның қолдауымен бастау алды. Сарапшылардың дәрісінен бөлек, жобаға қатысушылар enbek.kz порталына тіркелу және ЖК ашудан бастап, соттан тыс банкроттықты сүйемелдеу және берешекті өтеу кестесін әзірлеуге дейінгі түрлі сұрақ бойынша кеңес алады. Сондай-ақ оқыту барысында қатысушыларға заңгер көмегіне кепілдік беріледі. Олар әр қарыз алушының несие тарихын жеке зерттеп, қарыз жүктемесін жеңілдету бойынша кеңес береді.

Курсқа жазылу үшін qogamfin.kz сайтындағы нысанды толтыру қажет. Жобаға қатысушылар күндізгі форматта сауатын арттырып, бір топта 50 адамға дейін оқытылады. Дәріс ұзақтығы – 5 жұмыс күні.

ӘЗ-НАУРЫЗ – АДАМЗАТТЫҢ БАСТЫ МЕЙРАМЫ

Рамир ФАХРУТДИНОВ (фото)

Жұрттың аузын аққа жеткізіп, жер-жаһанды сері самалға өпкізіп, нұр-шапағатты аямай төккізіп, қиындықтың бәрін өткен жылға өткізіп әлемге әз-Наурыз келді. Жыл басына баланған, жаңару мен жасампаздық бастауы саналған, ырыс-берекенің арқауына айналған Наурыз мейрамын континентіміздегі көптеген халық дәстүрлі мейрамы ретінде ықылым заманнан тойлап келеді. Біраз елде бұл мерекеге мемлекеттік мәртебе беріліп, елге ұзақ демалыс ұсынылады. Біз әлемдегі қандай елдер Наурызда неше күн демалатынын және қалай атап өтетінін анықтадық.

Айхан ШӘРІП

Мәдениет және ақпарат министрлігінің хабарлауынша, Қазақстанда былтырдан бері Наурыз мейрамын атап өтудің жаңа форматы – «Наурызнама» енгізілді. Оған сәйкес, Ұлыстың ұлы күні республикамызда он күн бойы – 14-23 наурыз аралығында тойланады.

Министрліктің Мәдениет комитетінің түсіндіруінше, «Наурызнама» онкүндігінің әрбір күні қазақ мәдениеті мен қоғамының байлығы мен алуантүрлілігін көрсететін белгілі бір тақырып пен құндылыққа арналады.

Бұған дейін, 14 наурызда – Көрісу күні Амал мерекесі, 15 наурызда – «Қайырымдылық күні», 16 наурызда – «Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні», 17 наурызда – «Шаңырақ күні», 18 наурызда – Ұлттық киім күні, 19 наурызда – Жаңару күні атап өтілді. Бүгінгі 20 наурыз – Ұлттық спорт күніне, 21 наурыз – Ынтымақ күніне арналады. 22 наурыз – Жыл басы болып белгіленді. Одан соң 23 наурыз – Тазару күні деп аталады.

«Наурызнамада» барлық өнір мен қоғамның барлық санатын қамтитын халықтық думандар мен мәдени-спорттық іс-шараларға ерекше назар аударылады. Сондай-ақ этноауылдар құрылып, жәрмеңкелер, концерттер, спорттық сайыстар, көрмелер, әдеби-музыкалық кештер және басқа танымды, бұқаралық, ресми іс-шара ұйымдастырылады.

Қазақстанда Наурыз мейрамы – мемлекеттік мереке статусына ие. Демалыс күндеріне келсек, «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» заңына сәйкес, Наурыз мейрамына орай 21-23 наурызда демалыс жарияланады. 2025 жылы 22 наурыз – сенбіге, 23 наурыз – жексенбіге сәйкес келеді. Ал аталған заңның 5-бабы бойынша «Демалыс және мереке күндері сәйкес келген жағдайда мерекеден кейінгі жұмыс күні демалыс күні болады». Еңбек министрлігінің шешіміне сәйкес, биыл қазақстандықтар Наурыз мейрамында бес күн – 21, 22, 23, 24, 25 наурыз күндері демалады.

«Наурызнама» – тек Қазақстанның ойлап тапқан жаңашылдығы. Өзге елдерде жыл басы Наурыз негізінен халықтың мереке сипатында өтеді. Қырғызстанда да «Нооруз» мемлекеттік мереке мәртебесін алған. Бірақ заң бойынша қырғыздар 21 наурызда ғана демалады. Әйткенмен, 2025 жылы бұл дата жұмаға тап келетіндіктен, Алатаудың арғы баурайындағы ағайындар қатарынан 3 күн – 21, 22 және 23 наурыз күндері демалады.

Айтпақшы, осы жылы әз-Наурызды Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан президенттері бірге тойлайтын болды. Бұл туралы өткен аптада, 13 наурызда Садыр Жапаров пен Эмомали Рахмонның келіссөздерінде белгілі болды. Үш елдің мемлекет басшысы ортақ мейрамды тәжіктің Худжанд қаласында атап өтпек.

– Ноорузды бірге мерекелеу – Орталық Азия халықтарының бірлігі мен тату өмірінің символына, ізгі дәстүрге айналады. Біздің ортақ міндетіміз – халықтарымыз арасындағы сенімді нығайту. Шекаралас аудандардағы ынтымақтастықты күшейту бұл бағыттағы маңызды қадам болмақ. Бұл тұрғыда Худжандта Ноорузды бірлесе мерекелеудің маңызы зор. Шақыру үшін алғыс білдіремін және қатысатынымды растаймын, – деді Қырғыз Республикасының Президенті С.Жапаров.

Бұл мереке Тәжікстанда да көп, әрі кең тойланады. Тәжіктер «Наврузда» 7 күн бойы – 21, 22, 23, 24, 25, 26 және 27 наурызда демалады. Ал заң бойынша Навруз мейрамына бұл елде ресми түрде 3 күн демалыс бекітілген.

Тәжік елінің астанасы Наурызды жылда карнавалмен қарсы алатын. Биылғы жылы көше шеруінен бас тартылды, есесіне бұл күні Душанбеде Орталық Азиядағы ең ірі отшашу болмақ. «Навруз-2025» 19-22 наурыз аралығында кең ауқымда атап өтілетіні хабарланды. Оның аясында мәдени іс-шаралар, спорт жарыстары, жастарға арналған жеке бағдарлама жоспарланған.

Қала басшылығы жыл басы «Навруз» 20 наурыз күнгі сағат 14:01-де туатынын ресми хабарлады. Бірақ бүкіл ел бойынша «Наурызды қарсы алу салтанаты» 21 наурызда басталады. Айта кету керек, Тәжікстанда «Наврузгох» мемлекеттік мекемесі құрылған, мерекеге арналған халықаралық жиындарды сол өткізеді. Бүкіл әлемнен жастар лидерлерін жинайтын Navruz Youth World Festival жастар фестивалі, Халықаралық туризм фестивалі, Ұлттық тағамдардың фестивалі және басқасы жоспарланған. Негізгі салтанат Худжанд қаласында өтіп, оған Тәжікстан, Өзбекстан және Қырғызстан президенттері қатысатыны хабарланды.

Өзбекстанда да Наурыз мейрамы ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардан терең тамыр тартып жатыр. Биыл Үкімет «Навруз» мейрамы үшін қосымша демалыс бермеуге ұйғарды. 2025 жылғы мерекелеу кестесі келесідей: 21 наурыз – Навруз мейрамы құрметіне ресми демалыс, 22 наурыз – сенбі, 5 күндік жұмыс аптасындағылар үшін ғана демалыс, 23 наурыз – жексенбі, баршасы үшін әдеттегі демалыс.

Сонымен бірге Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев биылғы 21 ақпанда «2025 жылы Навруз бүкілхалықтық мерекесін дайындау және өткізу туралы» жарлық (Prezidentining Qarori) шығарды.

«Биылғы жыл – Қоршаған ортаны қорғау және «жасыл» экономика жылы. Оның аясында Наврузды тойлау жаңа, анағұрлым терең мағына мен мазмұнға ие бола түседі. БҰҰ халықаралық мереке деп таныған Наврыздың Жаңа Өзбекстандағы бейбітшілік, достық, келісім мен бірлік рухын нығайтудағы баға жетпес рөлін ескере отырып, ол лайықты деңгейде мерекеленсін. «Құндылығың мәңгілік болсын, Навруз!» ұранымен бұл мейрам жоғарғы деңгейде, халықтық серуендермен – сайилдермен (сауық-сейіл) кең атап өтілсін», – делінген құжатта.

Жарлыққа сәйкес, «Навруз бүкілхалықтық мерекесінің идеялық-көркемдік тұжырымдамасы» бекітілді. Ол өзбек тілін, ұлттық құндылықтарды, тарих пен ұлттық ойындарды дәріптеуді, қайырымдылық іс-шараларын, қарияларға құрмет жоралғыларын, жалпыхалықтық хашар (асар) өткізуді, әрбір елді мекенді, көше мен махалланы абаттандыру мен жасылдандыруға тұрғындарды кең тартуды, қыстан шыққан елді көз тартардай көркем етіп безендіруді және басқасын қарастырады.

Табиғат заңдылығымен жыл басы болған, жақсылықтың жаршысына айналған Наурыз мейрамын кең атап өтетін елдердің көш басында Әзербайжан тұр. Заң бойынша «Новруз» мейрамына үш күн – 19-21 наурыз күндерінде демалыс берілген. Бірақ әзербайжандар күн мен түн теңелетін бұл мерекені он күннен аз тойлап көрген емес.

Әзербайжан Үкіметі 2025 жылғы демалыс күндерінің кестесін өзгертті. Премьер Әли Асадов қол қойған қаулыға сәйкес, «демалыс күндерінің бірізділігін қамтамасыз ету мақсатында» жұмыс күндері саналатын 27 және 28 наурыз тиісінше 10 наурызға және 1 сәуірге көшірілді. Сондай-ақ 30-31 наурыз «Рамазан мейрамы» деп жарияланды. Нәтижесінде, Әзербайжанда 2025 жылы Наурыз мерекесі 20 және 31 наурыз аралығын қамтиды және 12 күн бойғы демалыс, «жалпыхалықтық наурыз каникулы» енгізілді. Бұл күндерді жұртшылық жақын-жуықтарына қонаққа баруға, ел бойынша саяхаттауға арнайды.

Мәдениеттанушы Ильгар Гусейновтің айтуынша, Новруз әзербайжан халқының ең сүйікті әрі байырғы мерекелерінің бірі. Тиісінше, оны атап өтудің берік дәстүрі қалыптасқан. Жаңа жылды қарсы алуға халық ерте кіріседі. Салтанат 4 ерекше сейсенбіден – «Чершенбеден» басталады. Яғни, әз-Наурызға дейінгі әр сейсенбінің кеші Су күні, От күні, Жел күні және Жер күні аталады, оның әрқайсысы табиғаттың бір құбылыс-стихиясының оянуын білдіреді. Бір қызығы, қазақтың Жарапазаны, немесе американдық «Хэллоуин» сияқты әзербайжандық балалар дәл Новруз күні үйді-үйді аралап, боялған жұмыртқа, тәттілер жинайды.

Иранда жыл басы «Наурузда» басталады. Бұл елдегі ең елеулі, ірі халықтық мейрам. Биыл ирандық күнтізбе бойынша Науруз 21 наурызға сәйкес келеді. Ирандық ақпарат құралдары Науруздың біздің дәуірімізге дейінгі 648-330 жылдан, Ахеменидтер әулеті билеген заманнан бері тойланатынын айтады.

Ирандықтар әз-Наурызды дәстүрлі түрде 13 күн қатарынан мерекелейді. Турфирма өкілдері Иранда осы күндері көптеген ұйым, соның ішінде мемлекеттік мекемелер, музейлер және басқасы негізінен ашық болатынын түсіндірді. Тек мектептер балаларды каникулға жібереді. Біраз компания қонаққа баруы, саяхаттауы үшін ұжымына толық демалыс береді немесе кезек-кезекпен, ішінара босатады. Содан Наурызда көшелер, мұражайлар және өзгесі ығы-жығы халыққа толады. Саяхаттауды жоспарлағандар мұны ескергені жөн.

Наурыз мейрамы Түркияда, Солтүстік Кипр түрік республикасында, Қытайда, Ресейде, Түрікменстанда, Украинада, Ауғанстанда, Иракта, Сирияда, Оңтүстік Осетияда, Албанияда, Арменияда, Босния мен Герцеговинада, Солтүстік Македонияда, Моңғолияда және басқа да елдерде түрлі деңгейде атап өтіледі. Бірақ ресми түрде мемлекеттік мерекелер тізіміне енгізілмегендіктен, демалыс қарастырылмаған.

Барлығында дерлік мерекелеу дәстүрі ұқсас: бұл күндері бір-біріне қонаққа барады, жауласқандар бітімге келіп, татуласуға тырысады, үй ішінде және сыртта тазалау жүргізіп, ескі-құсқыдан арылады. Жұртшылық жиналып, ұлттық тамақтан дәм татып, ән айтып, арнайы жағылған алауды айналады, сөйтіп бой-басын отпен аластайды. Арнайы ыдыста дәнді дақылдарды немесе гүлдерді алдын ала өсіріп, бір-біріне сыйлайды, үй ішін сонымен безендіреді. Көктемгі жасөскін табиғаттың түлеуін және жаңа өмірдің басталуын бейнелейді.

Адамзат та табиғаттың төл перзенті, ол соған нық тәуелді. Ендеше табиғаттың түлеп, жаңаратын, Жер-ананың тоң кеудесі жібіп, тас емшегі иитін, ғаламшарымызда күн мен түн теңелетін шақ – әз-Наурыз адамзаттың ойдан шығарылмаған, табиғаттың өзі сыйлаған басты мерекесі болса керек. Олай болса, Жаңа жылда елдеріміздің шаңырағы биік, керегесі кең, мерекесі ерен, ырыс-берекесі молынан болсын!

Жамбыл АРТЫҚБАЕВ, профессор:

НАУРЫЗДЫ ЖАҢА ЖЫЛ ЕСЕБІНДЕ СЕЗІНУІМІЗ КЕРЕК

(Басы 1-бетте)

– Жамбыл аға, әңгімемізді әлі күнге ел арасында дау болып жүрген Амал мерекесінен бастайық. Бұл күнді біз бірде Амал мерекесі десек, бірде Көрісу дейміз. Қалай атағанымыз жөн? Бүгінде еліміздің батыс өңірі жақсы тойлайтын мерекені өзге өңірлер әлі толық қабылдамай жатқаны тағы бар. Жалпыхалықтық мерекеге айналдыру үшін не істегеніміз дұрыс?

– Біз Наурызды елімізде Совет үкіметі әлі құламаған сексен сегізінші жылдан бастап тойлап келе жатырмыз. Сонда Өзбекәлі Жәнібеков Алматыда үлкен Наурыз мейрамын кәдімгі карнавал секілді дүркіретіп өткізді. Онда наурыздың жиырма екісі күні тойлаушы едік. Бүгінгідей Амал мерекесінен бастау болған жоқ. Кейін келіп «күн мен түннің теңелген күні – он төрті ғой, біз нені тойлап жүрміз өзі, біздің қазақ ертеде он төртінен бастаушы еді ғой» деп бастама көтердік. Ол бастама көтергендердің ішінде мен, этнограф Серік Ерғали, ақын Светқали Нұржан бар. Наурыздың тура жиырма екісінде Қызылбастар тойлайды. Қызылбас деп ирандықтарды айтады. Мен «Наурыз – жыл басы» деп жаңа жазған мақалаларымда қазақ халқының тарихын, әдет-ғұрпын, ауыз әдебиеті мен мәдениетін зерттеуші Құрбанғали Халидике сілтеме жасадым. Ол өмір бақи мына Шығыс Қазақстанда өмір сүрген адам. Шәуешекте медреседе ұстаз, имам болған адам. Сол кісі: «Наурызды жыл басы деп бір-бірімен көріседі. Ғұрыптарынша күніне бір сәлем, жылына бір көрісу керек» дейді. Ал енді мына Қазақстанның көп жерінде көрісу дегенді әлі де қабылдамай жүр. Иә, ел арасында «Амал ма?», «Көрісу ме?» деген де дау бары рас. Батыс қазақтарының тілімен айтсақ, екеуі бір зат. Амал айдың аты, Көрісу сол айдың басында орындалатын ғұрып. Қазақтың әңгімелері Наурыздың тарихын Нұқ пайғамбардың, жанында Құдайға сенген сексен адам бар, үш ұл, үш келіні бар алты ай он күн су бетінде қалқып жүріп, өлдік-талдық дегенде Қазығұрт тауының ұшар басына тоқтаған уақытынан бастайды. Біреуі ата-анасынан, біреуі баласынан айрылған, уайым-қайғы басқан ел осы жерде жан шақырыпты, жылап көрісіпті-мыс. М.Көпейұлы Нұқтың әңгімесін баяндай келе «Кеменің Қазығұрттың басына тоқтаған күн қасиетті Мұхарам айының оны екен, жұлдыз есебімен санағанда күннің Хамалдың бірінші уәжібіне кірген күні» дейді. Мәшһүр жұлдыз есебін «Бұхар есебі» дейді біз мыңдаған жыл осы есеппен өмір сүрдік. Хамал қазір Тоқты шоқжұлдызы аталады және күн мен түн теңелген сәтте аспан көкжиегінде пайда болады. Содан жұлдыз көрінсе болды, ертеңіне Көрісуді бастайды. «Бір жасыңыз құтты болсын» дейді, «Жасыңызға жас, басыңызға бас қосылсын» деп тілегін айтады тағы басқа. Тек батыстың қазағы емес, бүкіл қазақ. XX ғасыр басына дейін біздің ата-аналарымыз аспан әлемімен, жұлдыздармен байланысты болды. Олар сағат ұстаған жоқ, интернет жоқ, бәрін өздері тікелей аспан әлемі арқылы бақылап, есептеп отыратын. Э.Нельсон-Фелл Орталық Қазақстан мыс кен орындарындағы қазақтардың Хамал/Амал жұлдызын қалай тосатынын айтады. Нельсон Фелл: «Қазақтардың Наурызды қарсы алуы өте қызық. Олар алдын ала дайындалады. Ақсақалдар қырдың басына шығып, күн мен түн теңелгенін күтеді. Жаңа ай туды деген уақытта тойлауды бастап кетеді» деп жазыпты.

– Амал мерекесінің атауына келсек, «Көрісуді» дұрыс емес, «Қауышу» деген дұрыс деп жүргендер бар. Бұған не дейсіз?

– «Көрісу деген дұрыс емес, қауышу деу керек» деп жүргендердікі дұрыс емес. Қазақтың өзінің «көрісу» деген төл ұғымы бар. Ол көру деген сөзден шығады. Көрісу деген сөзде ешқандай жаман мағына жоқ. Ертеде бірін-бірі ұзақ уақыт көрмеген адамдар құшақтасып, көрісіп, жылап жатады. Соны біздің шешелеріміз «мен көрістім» дейтін. Біздің ата-бабаларымыз талай қиындық заманнан өткен, аштықты да, репрессияны да көрді. Сондай уақытта аман-есен көріскенде жылап көрісетін болған. Ол үшін біреудің өлуі міндетті емес. Көрісудің өлімге қатысты айтылатыны содан қалса керек. Әйтпесе, бұл сөзден қорқып, жаңа сөз ойлап табудың қажеті жоқ. Қазіргі өркениеттің қарқынды дамуы сондай, біз өзімізді ата-бабаларымыздан ақылдырақ санайтын болдық, бұл адасқандық, адами негізден айрылып бара жатқандығымыз. Адамзаттың ең үлкен жаңалықтары көне тас ғасырында жасалған, біздің бабаларымыз миллион жыл бойы шошқа тағалап жүрген жоқ, тірішілікке керекті негізгі ұғымдарды қалыптастырды. Біз сол заманда қалыптасқан ұғымдармен, өзіміз соның маңызына бойламасақ та, әлі өмір сүріп келеміз. Наурыздың тарихын бергі заманнан іздеу – адамзаттың көне тарихын, жасампаздығын мойындамаудың көрінісі.

– Амал мерекесі неліктен батыс жұртында сақталып, өзге өңірлерде сақталмай қалды? Қандай тарихи факторлар себеп болды деп ойлайсыз?

– Батыста таза қазақи дәстүрлер көбірек сақталды. Себебі онда қазақтар басым болды. Оңтүстікте де қазақ көп, бірақ оңтүстіктің дәстүрлері көбінесе өзбек, сарттармен араласыңқырап, ислам дінінің ерекшеліктерін де бойына сіңірді. Тіпті, келіндердің сәлем беруінің таза қазақи нұсқасы – оң қолды тізенің үстіне қойып, сәлем беру – Маңғыстауда әлі бар. Бұл сақ заманынан бері келе жатқан дәстүр. Дәл осы сәлем беру дәстүрлері Қытайдағы Қызай наймандарында сақталған. Бір жағы Адай болса, енді бір жағы Қызай, дәстүрлері бір-біріне қатты ұқсас. Оңтүстіктегі келін сәлемі, екі қолын кеудесіне қойып сәлем беру мұсылмандықпен келген тәжім деп аталады. Тағы бір себеп, Маңғыстау өлкесі Хорезммен тығыз қарым-қатынаста, байланыста болды. Бекет ата атақты Адайдың пірі XVIII ғасырда сол Хорезмде Хиуада оқыған ғой. Сондықтан ескі білім мен ескі дәстүрді сақтауда мына Хорезмнің тікелей әсері бар деп ойлаймын. Бұлар бертінге дейін қол үзген жоқ. Әлі де байланыстары бар. Біздің солтүстік, орталық өлке Ресейдің қатты ықпалына түсіп кетті. Ресейдің ықпалына ең бірінші татар молдалары арқылы түсті. Наурызды да ескі дәстүр деп есептеп, сонымен қатты күресті. Сөйтіп, біз көп дүниемізден айырылып жұрдай болып қалдық. Әсіресе, мына XX ғасырдың басы бізге қатты әсер етті. Бізде қашатын жер болмай қалды. Мысалы, біздің әкелеріміз анау Сібірге барып тығылып, әйтеуір аман қалды. Бірақ түбінде көп дүниеміз жаңғырады деп ойлаймын.

– Көп адам «Наурыз» сөзін парсы тілімен байланыстырады. Бұл тұрғысында сіз «Еуразия халықтары жеке тілдерге жіктелмей тұрғанда пайда болған көне ұғым» деген едіңіз. Осыны тарқатып айтып берсеңіз...

– Наурыз – өте ерте замандарда пайда болған мейрамдардың бірі. Тарихта неолит деген дәуір бар, оны жаңа тас дәуірі деп те атаймыз, біздің эрамызға дейінгі 7-6 мыңжылдықтарды қамтиды. Наурыз мейрамы сол дәуірде пайда болды деп ойлаймын. Неге десеңіз, неолит дәуірінде адамзат өмірінде үлкен өзгерістер болды: малды қолға үйретті, егіншілік дами бастады. Бұл –адамзат өмірін керемет байытқан, адамның өсуіне, маңайындағы жаратылысты тануына мүмкіндік берген революциялық жаңалықтар еді. Әрине, бұл жаңалықтар да оңайлықпен келген жоқ, мұны миллион жылдық палеолит дәуіріндегі дамудың нәтижесі деп түсінген абзал.

«Наурыз» сөзінің өзі – алтай халықтарының тіліне, осындай үлкен тіл тобының бәріне қатысты сөз. Яғни, бұл сөз тілдік жүйелер бөлінбей, ажырамай тұрған кезде пайда болды. Бізде бұл сөз «Науа+ырыс» мағынасында сақталған. Ал ирандықтар мен еуропалықтар бұл көне сөзді «жаңа», «нау», «нью» мағынасында түсіндіріп отыр. Қарап отырсаңыз, мұның да түбі неолит дәуіріне барады, ол кезде тілдердің арасы ажырамаған еді. Парсылардың өзі біздің жеріміздің қоныс аударған ариандар. Арий тайпасынан шығып, парсы қыраттарын жаулап алған. Содан ариан, иран аталып кетті. Бірақ негізінен олардың этногенезі бізге бөтен емес. Біле білген адамға парсы (парс, фарс) мен ираннның арасында таудай айырмашылық бар. Осы мемлекеттің біресе Иран, біресе Фарс атануына қатысты бірнеше мыңжылдық ішкі дауы бар. Бұл олардың Фарс (парсы) Ираннның 30 уәлайатының бірі және ариандар (арийлер) келгенге дейінгі көне атауы. Енді ариандар қайдан келді деген сұрақ туады? Жауап – Орталық Азиядан, біздің қазақ даласынан, шамасы осыдан IV мыңжылдар бұрын. Егер «Шахнамені» қарасақ, Феридун, одан туған үш ұл, үлкені – Сәлім, ортаншысы – Тұр, кішісі – Ирандж туралы айтады. Осы үш ұлдан араб, тұран халықтары, ирандықтар тарайды-мыс. Ержете келе Тұр Сәлімнің қолдауымен Иранджды өлтіреді, осыдан Иран мен Тұран ұрпақтары арасындағы мыңжылдық соғыс басталады. Бірақ бұлар бір-біріне аралас, жақын халықтар. Кей қауыс патшаның Тұран қызы әйелінен туған Сиябуштың өмір тарихын, тағдыры да соны дәлелдей түседі. Мұндай әңгіме өте көп.

Мына қола дәуірі деген дәуірдің ескерткіштерін қарасаңыз, мына біздің Орталық Қазақстандағы Астана, Қарағанды маңайындағы бір-екі мәдениет бар. Осы қола дәуірінде адам жерлеу салты да екі түрлі. Біреулер адамды сүйегімен жерлейді. Біреулер адамның сүйегін өртейді. Көрдіңіз бе, араласып кеткен. Мен осындай ескерткіштерге қарап, мына Тұран мәдениеті мен Иран, ариан мәдениеті аралас өмір сүрді ме деп ойлаймын. Біздің жерімізде қола дәуірінде бір ғажап ерекшелік бар. Әсіресе, Орталық Қазақстан, Шығыс Қазақстан аймағында тау-кен өндірісі қатты дамыды. Мұны Қаныш Сәтбаев «қазақ тарихында көне индустриалды кезең» деп атайды. Қазақ жері қанша ұлан-байтақ болса да көшпелі мал шаруашылығы басым болса, 1-1,5 миллион адамға ғана қолайлы қоныс болады, одан асты екен көшуге тура келеді. Кезінде қазақ жеріндегі қола дәуірінің таукен өндірісін жасаған барлық ариан көшіп кеткен жоқ. Жартысына жуығы осы жерде қалды. Бұлардың біразы Батыс Еуропаға кетті. Иә, сонымен тұрандықтар ығыстырып, ариандар оңтүстікке көшті, парсы жерін алды. Ол жер Ариан/Иран қыраты атанды және жаңа мемлекет пен халыққа атау болды. XV ғасыр басында өзбек тайпаларының Мәуреннахрға көшкенін, сол кезде қоңыраттың жартысы кетіп, жартысы қалғанын, қыпшақ та т.б еске түсіріңіз. Тура осы процесс біздің жыл санауымызға дейінгі дәуірлерде сан рет болған, қайталанған. Біздің ойымызша, ариан/тұран тарихын бұдан әрі тереңдей зерттеу керек. Бұл – археологиялық, лингистикалық, мәдениеттану, этнографиялық бағыттарда жүргені дұрыс. Әсіресе, археологтердің қазу жұмыстарынан мен ананы таптым, мынаны таптым дегенінен көрі, ғылыми тәпсірге көшкені бұл шаруға үлкен қолқабыс болар еді. Осы себепті «анау парсы», «мынау парсы» деген сөзді тоқтату керек. Қазақ тілін зерттеп қарасаңыз ирандық сөздерден аяқ алып жүру мүмкін емес, иран түгілі германдық, басқа үндіеуропалық сөздер де жетерлік. Одан бастарту үшін сіз қазақ құрамындағы түбі ариандық елдерден бас тартып, түбі моңғолдық тағы басқа ғана қалуы керек. Иә, Сібірдің түркілері, мысалы «шорлар» әлі де Наурызды «Чыл пасы» дейді, наурыз дегенді білмейді, бірақ олар «Алланы» көне ариан/тұрандық атауымен Құдай дейді, саха-якуттер де солай. Бір қызығы мұсылмандыққа, Иранға еш қатысы жоқ сияқты чуваш халқы Наурызды «ноурас-ойахе» деп атайды. Яғни, аздап болса да олардың тілінде ариандық негіз бар. Сондықтан «наурыз» сөзі қазаққа сырттан (парсыдан т.б.) келіп сіңіп кетті деген пікірлердің бәрі негізсіз деймін. Әлемде өзінің жерінен Нұқ пайғамбардың кемесі тоқтады деп белгі көрсете алатын төрт халық қана: арабтар Жуды тауын, еврейлер Сион тауын, армяндар Арарат тауын, қазақтар Қазығұрт тауын көрсетеді. Енді осыншама тарихи мұраны сақтап келген қазақтың Наурызын өзіміз келіп өзгеге телиміз, дұрыс па?

– Әр мерекенің өзіне тән дастарқаны, дәмі болғандығы аян. Біз Ұлыстың ұлы күніне қатысты тек наурыз-көжені білеміз. Өзге қандай ас-сулары болды? Ертеде дастарқанға не қоюшы еді?

– Арғы заманда дастарқанның қалай болғанын айта алмаймын, бірақ мына бергі заманда, XIX-XX-ғасырда қазақтар бір ауыл болып семіртіп өгіз сояды. Наурызда жағдайы жететін байлар үлкен өгіз бен жылқы сойған. Бәйбішелер қарын-қарын женттерін, сары майын, қазақтың қадірлі тамағының бәрін қоюға тырысқан. Ірі қара союға шамасы жетпегендер де қазан көтеріп, «Менің де дастарқанымнан жұрт дәм татсын» деп жеті түрлі дәннен көже пісірген. Тіпті, кедейлер қыста бір қой сойса, соның басын сақтап қояды. Мәшһүр Жүсіп Көпеев жазып кеткен деректер бар: ерте уақытта бәйбішелер жаздыгүні қарын-қарын май жинап, жент, құрт жинап «Наурызда ашамын» деп ырым қылады екен. Наурызға дейін женті тас қайрақтай болып қатып жатады. Қыстығүні балалар мен немерелер «Апа, жент берші» деп сұраса, «Айналайын, Наурызға дейін шыдай тұр. Наурызда «Самарқанның көк тасы жібігенде» біздің жентіміз де жібиді. Сол кезде жерміз, қарынға қолды салармыз» деп ынтықтырып отырады екен. Бұл ынтықтырудың, Наурызды күттірудің астарында оған деген құрмет жатыр. Менің шешем де солай жент жасайтын. Жентті өте дәмді жасаушы еді. Оны өзі қазақы шоколад деп қоятын. Сол «шоколадты» наурызда жей бастаушы едік. Ол кейде ұннан, кейде талқаннан жасалады, сосын оған ірімшік қосады. Екеуін де диірменнен өткізіп алады.

– Ежелгі Грек тарихшысы Квинт Руфтың (б. з. д. I ғ.) «Ескендір жорығы» деп аталатын еңбегінде көшпелілердің наурыз тойлау дәстүрін былай суреттеп кеткен: «Ұлыстың ұлы күні таң шапақ шашып, күн шығар сәтте қаған ордасының үстіне күн бейнелі жалау көтеріліп, қотанға шымқай қызыл мауытыдан киім киген 365 бозбала шығатын болған. Балаларды саны бір жыл ішіндегі тәуліктердің айғағындай болып, 365 өнерпаз бозбала тойдың шырайын келтірген. Бір жыл ішіндегі әрбір тәуліктің шежіре-баяны сияқты 365 күй тартылған. Сонан соң бүкіл елдің батагөй абызы, Тәнірмен тілдес бақсысы ортаға шығып, қағанаттың үміттілегін Тәнірге жеткізетін 9 күй тартқан. Бұл 9 күй міндетті түрде қобызбен тартылатын болған» деп жазатыны бар. Мереке әдетте жастарға, бүлдіршіндерге қызық болуымен мереке. Бізге ойын-сауық та керек емес пе? Біз жастардың «ұйқы ашары» мен «селт еткізерінен» басқаны білмейміз. Наурызда қандай ойын керек?

–Дұрыс айтасың, Наурызды жаңа жыл есебінде, бір жыл өткенін сезінуіміз керек. Сезінуге қатысты бір-екі дүние айта кетейін. Біздің бабалар табиғатпен етене байланыста өмір сүрген. Наурыз деген – табиғаттың, адам жанының жаңаруы. Демек, табиғат жаңарғанда табиғатпен бірге адам да өткені мен келешегін ойлап жаңаруға бет бұрады. Яғни, бұл күнді жан-дүниесімен сезінеді. Себебі бір жылдық цикл бітті. Біз қазір өркениеттің барлық үлгілерін өзімізге көшіруге тырысып жатырмыз. Десек те, өркениетті елдердің де жоғалтқаны бар. Біз осы ретте ұмыт қалып бара жатқан көне дәстүрлерімізді жаңа заманға бейімдеп, дамыта білуіміз қажет. Табиғатқа жақындауымыз қажет. Сонда адам бойындағы табиғатан берілген көптеген қасиет ашыла түседі. Сонда ғана біз Наурыздың шын мәнінде жаңа жыл екендігін сезіне түсеміз. Кез келген тойды халық қабылдамаса, сол ұлы күнге өз санасын дайындамаса, ол мейрам емес. Қазіргі Наурыз – әкімшілік тарапынан жасалған іс-шара сияқты. Әйтеуір уақыты жеткенде, апылғұпыл бірдеңе жасаған боламыз. Ал қазір Наурыз қазақтың дәстүр-салтын есіне түсіретін этнографиялық тойына айналып кеткені де рас. Әркім өзінің есінде қалғанын, білгенін істеп жүр. Біреулер келін түсіру ырымын жасайды, біреулер баланың тұсаукесерін өткізеді, тағы сол сияқтылар. Осылайша, Наурыз жаңа жылдың басы, бірнеше мың жылдық тарихы бар қасиетті мейрам есебінде тойланбай келеді. Мәшһүр Жүсіп айтады: «Жыл оны екі ай дегеніміз – үлкен бір шығыр секілді. Соның 12 сатысы бар, әрбіріне бір жануар ие болады. Шығыр айналғанда, яғни жыл ауысқанда бір жануар орнынан түсіп, екіншісі келеді». Дәл осы 12 мүшелдің бейнесінен костюм жасап, кеб (маска) кию 31 желтоқсанға емес, Наурызға анағұрлым жарасады. Балалар «мен қой жылымын, қойдың кебін (маскасын) киемін», «мен жылан жылымын жыланның кебін киемін» деп таласар еді. Сол он екі жылды ойнап, ішінен біреу жеңіп шығу керек. Яғни, Мәшһүр, оны тек айтып отырған жоқ қой деп ойлаймын. Ол сонда бір ескі шежіре аңыздардан естіп айтып отыр. Тіпті, карнавал ретінде өткізсек те болады. Ғажап қой енді, жастарға өте ұнамды болар еді. Мен «Наурыз айтысы» деген айтысты кіргізейік деп жүргеніме біршама уақыт болды. Әлі күнге біреу селт етпеді. Жалпы, Наурыз – өлі мен тірінің күресі іспеттес. Қыс қашанда өлінің символы болса, көктем өмірді, тіршіліктің жаңаруын суреттейді. Ал ерте уақытта ақындар төрт түлікпен де айтысқан. Жылға таласу айтыстары да бар. «Қыс пен жаздың айтысы», «өлі мен тірінің айтысы», «қыз бен жігіттің айтысы» – Наурыздың түбегейлі философиясы, дүниетанымы осы. Осыларды қолдану керек және қайта жандандыру керек. Енді, міне осыдан бастап енді күн ұзарады, түн қысқарады. «Наурыз айтысының» бір ерекшелігі күн мен түннің айтысы деген айтыстар болатын. Екі ақынның біреуі күн болып, біреуі түн болып айтса ғажап қой. Осылай айтысуға біздің шамасы ақындарымыздың кішкене табиғи білімдері, жалпы білім интеллектілері жетіспейді-ау деймін. Абстракцияға бара алмайды. Оған интеллект керек. Бүгінде телевизиялық айтыстың түр-түрі ұйымдастырылып жатыр. Сол секілді ұйымдастырса қанекей?!

– Бір сұхбатыңызда: «Наурызға қатысты мейрамдардың, дәстүрлердің көпшілігі әлі орындалмай келеді. Бұл – этнографтардың және көп нәрсені құлаққа ілмейтін қоғамның кінәсі» деген едіңіз. Наурызда жасалуға тиіс, бірақ ұмыт қалып отырған салт-жоралғыларды айта отырсаңыз.

–Қазақтың байырғы дәстүрлері, соның ішінде Мәшһүр Жүсіп шежіресінде қызықты деректер бар. «Наурыздың келген сәтін жандыда балық біледі» дейді шежіреші: «Наурызнама той қылатын жұрттың патшалары тірі балықты көп қылып ұстатып алып, бір керсен суға салып, көптің алқасына қойдырады. Отырған көп әлеумет сол балықтарға көздерін тігіп қарап отырады. Бір мезгілде балық біткен, бірі қалмай тептегіс шалқасынан жата қалады. Қарындары жарқырап, лезде балықтар аунаған жағынан екінші жағына қарай аунап түседі. Сонан соң патшалар барабан соқтырады: «Ескі жыл шықты, жаңа жыл келді!» деп. Сегіз күн ұдайымен қол астына қараған жұртқа той, тамаша береді: «Жаңа жыл тойы!» дейді. Тоғызыншы күні тойтарқар дейді. Сонда он күнге жуық тойлайтын болып тұр ғой?! Той тарқайтын уақытта бұлаққа, өзенге, міндетті түрде барады. Суға қант шашып, тәтті су ішеді. Енді мына бір жылдық тіршілігіміз тәтті болсын деген ниет қой? Сондай ниетпен тарайды.

Наурыз мейрамын бізде «Ұлыстың ұлы күні» деп атайды. Түрік-моңғол тілдес елдер «ұлыс» деп мемлекетті айтады. Бұл ғажап ұғым, бұл кішкене ғана сөз тіркесі Наурызды мемлекеттің ең басты мейрамы дегенді білдіреді. Демек, мемлекеттік тұрғыда бұл мерекеге маңыз берілуі керек. Мәселен, біз елімізде жүздеген ұлт пен ұлыс тұрады, татумыз деп мақтанамыз. Біз Кеңестік кезден қалған, ресми мерекелерден ақырындап құтыла беруіміз керек. Мәселен, халқымызда баяғыдан келе жатқан баталасу дәстүрі бар. Наурызды енді байыта түсуіміз керек қой. Бұл – ұлт ұйыстыру саясатының бір тетігі. Ертеде қазақтың тайпалары мен рулары жиналып, ант беріп, баталасып, ел болды. Оған жүздеген мысал келтіруге болады. Наурыз мерекесінде осы дәстүрді қайта жаңғыртсақ, артық болмайды. Өйткені елімізде бірталай этнос өкілі тұрады. Мен баталасудың сценарийін жаздым. Қызық өзі, өзге ұлт өкілдерін керегенің астынан өткізеді. Қолына орта жілігін ұстап, кәдімгі керегенің астынан кіреді. Сол ұлт өкілдерінің бала-шағасын сөйтіп өткізуге болады. Өйткені олар енді орыс болмайды, енді неміс болмайды, енді украин болмайды. Олар біздің жерімізді жерсініп, санасы қазақи болып кеткен. Қысқасы, Ұлыстың ұлы күнінде баталасуды көтеруіміз керек. Елдің татулығын осылай сақтауға болады. Сонымен қатар Наурызда жомарттық көрсету, нашарға көмек қолын созу бойынша тамаша акциялар өткізуге болады. Түрлі себеппен абақтыға түсіп, өз ісіне өкінгендерге де Наурызда рақымшылық жасалса игі еді. Себебі бұрын бұл күндері кейбір тұтқындарға кешірім жасалып, жарлы-жақыбайлар салықтан босатылатын болған. «Мәуреннахр өлкесінде жаңадан сайланған патшаларды әдейілеп алып келіп отырғызатын қасиетті көк тас болған. Бұл «Самарханның көк тасы» деп аталып кеткен. Патшалар наурыз мейрамы қарсаңында осы тасқа отырып тұтқындарға кешірім жасаған. Зынданда отырғандарды босатып, құлдарға азаттық сыйлайтын әдет болған. «Самарқанның көк тасы жібиді» деген түсінік осыдан қалған. Қасиетті көк тасқа қазақ хандарының ішінен Тәуекел ғана отырған. Біз қазір Наурыз мейрамының бұрынғы салтын қайта жаңғырта алмай отырмыз. Кезінде Түркістандағы алтын тақта отырған қазақтың хандары қолданған – керсен толы суға балық жіберу, наурыз тұсында ұсақ қылмыс жасаған адамдарға кешірім жасау секілді әдемі дәстүрлерді қайта неге жаңғыртпасқа?!.

Көшпелі мал шаруашылығы үстем заманда қазақтың сексен пайыздайы орта шаруа болған. Орта шаруа деген – күн көрісі бар, жағдайы бар адамдар ғой енді. Сондықтан да қайырымдылық та жоғары деңгейде болған-ау деп ойлаймын. Қазір бізде кедейшілік өте көп. О заманда сексен пайыз орташа болса, қазір сексен пайыз кедей болуы мүмкін. Сондықтан Үкімет тарапынан осы қайырымдылық акцияларын осы уақытта өткізсе ғажап болар еді. Көпбалалы отбасылар, мүгедек болып қалған отбасыларға үй берілсе, көлік берілсе де мерекенің маңызы арта түсер еді. Яғни, бұл жаңа жылдың бір қайырымды шарасы ретінде. Сонда біз Ұлыстың ұлы күнінің маңызын арттырып, мағынасын аша түсер едік.

– Әңгіменізге зор алғыс!

> **XX ғасыр басына дейін біздің ата-аналарымыз аспан әлемімен, жұлдыздармен байланысты болды. Олар сағат ұстаған жоқ, интернет жоқ, бәрін өздері тікелей аспан әлемі арқылы бақылап, есептеп отыратын.**

Сұхбаттасқан
Наурызбек САРША

20 НАУРЫЗ 2025 | БЕЙСЕНБІ

ЖЫЛЫ-ЖЫЛЫ СӨЙЛЕСЕК, ЖЫЛАН ІНІНЕН ШЫҒАДЫ

Халықтық жыл санауға байланысты алғашқы деректерді сонау VIII ғасырдағы Күлтегін ескерткіштерінен және Махмұт Қашқари еңбектерінен көруге болады. Бұл дәстүр сол ескі заманның өзінде-ақ аңызға айналып кеткен. Демек, жыл санау тарихының тамыры тым әріде жатыр. Биыл – жылан жылы. Жылан жылы қазақ халқы үшін жыл қайыру жүйесінің бір бөлігі ғана емес, терең мағыналы кезең боп есептелген. Ендеше осы тақырыппен байланысты дүниелерді қаузап көрсек.

Наурызбек САРША

Жылан туралы түркілік түсінік тотемдік санамен де қабысып жатады. Мәселен, «Тұзбасты жылан», «Жылан қабықты жігіт» секілді ертегілер соның дәлелі. Қазақ мифологиясында жылан зұлымдықтың да, қазына, байлықтың да, даналықтың да символы ретінде жүреді. Сондықтан қазақ оны зұлым күш ретінде атын төте атамай «Абақай» деп тергеген. Ер Төстіктің жер астына түсіп Жылан-Бапы ханның еліне баруы, Қорқыттың ажалы жылан кейпінде келуі – жыланның біздің түсінікте о дүниемен байланысы барлығына мысал бола алады. Дегенмен «үйге кірген жыланның басына ақ құю» рәсімі тегін емес. Мифолог ғалым Серікбол Қондыбайдың айтуынша, «Жылан – ілкі төрдің ақиқатын сақтаушы, күзетуші, қорғаушы». Автордың «Арғықазақ мифологиясында»: «Жылан – Нұрдың, оның эманациясы болған Ілкі Төрдің, одан кейінгі төретамдардың «жануарлық» символдарының бірі» деп анықтама беріліпті.

ЖЫЛАН БЕЙНЕСІНІҢ ҰЛТ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ОРНЫ

Жылан бейнесі, жылан культіне қатысты деректерді біздің аңыз-әпсаналардан көптеп кездестіруге болады. Мәселен, жезқазғандық ғалым Ғұзыхан Ақпанбек ағамыз бір еңбегінде «Жыланнан қорыққан ала жіпті аттамас» деген сөздегі ой-тұжырым сонау Мысыр елінің көне тарихынан елес береді. Перғауындардың билік белгісінің бірі айрықша жасалған таяқ болған. Оның басы жеті орам ала түсті, есілген ала жіп тәрізді. Ала таяқ ерекше қасиеттің және қара қылды қақ жарған әділеттіліктің бейнесі деп танылады. Үстемдік белгісінің екіншісі – перғауынның баскиімінде болатын жыланның мүсіні. Оның «үрей» деп аталғаны мәлім. Қазақ тілінде «үрей» қорқыныш мағынасына ие болған» дей келе: «Мүсін бірден көз тартатындай сымбатты, өте әсем әрі айбарлы, бір қарағанда тірі жылан сияқты әсер етеді. Жыланның мүсінін қымбат металдан жасап, көзінің орнына жарқырауық асыл тас орнатады. Қараған адамның бойын қорқыныш билейді, яғни үрейленеді. Сонымен, «жыланнан қорыққан ала жіпті аттамас» деген құдайдан, әмірші патшадан, перғауыннан қорыққан қылмыс жасамайды, әдептілікті бұзбайды деген сөз деп пайымдауға болады. Яғни, қоғамдағы қабылданған ережелерді, салт-дәстүрді бұзбау, соларға сай әрекет ету керек деген ойды білдіреді» деген қызық ойды меңзейді.

Ал мәдениеттанушы Зира Наурызбай қазақ ертегілерінде жылан қыз, әйел кейпінде көптеп кездесетініне назар аударады. «Қазақ ертегілерінде басты кейіпкердің жылан қызға үйленетіні туралы мотив бар. Кейде бұл әртүрлі халық арасында жиі кездесетін Мелюзина сарыны: кейіпкер әдемі қызға үйленеді, бірақ уақыт өте келе ол оның жылан немесе айдаһар қыз екенін біледі. Әйтеуір, онымен ажырасып кетеді. Сонымен бірге кейіпкер қалыңдығының кім екенін әу бастан білетін қазақ ертегілері де бар. Мысалы, ол жылан-адаммен достасып, онымен бірге жыланның шұңқырына барады және сол жерде досының қарындасымен некеге тұрады. «Ер Төстік» ертегісінде жыландардың патшасы Бапы хан қызын басты кейіпкерге әйелдікке береді. Бірақ ол жерасты әлемінен адамдар әлеміне барар қиын жолда қаза табады. Тағы бір ертегінің мотивіне назар аударайық: хан Алтыншаш есімді әйелге көрмей тұрып-ақ ғашық болады. Ол суда қалқып бара жатқан жарқыраған бір тал алтын шашты көргенде ғашық болады. С. Қондыбай бұл жай ғана бір тал шаш емес, шаш түріндегі жылан деген болжам жасады, яғни Алтыншаш бастапқы кезеңде басында шаштың орнына жыландары бар әйел Медуза Горгона сияқты көрінді. Қазақ фольклорының бұл мотиві, сірә, парсы авторы Гардизи айтқан Ертіс өзенінің әйел-құдайы туралы ортағасырлық қимақ аңызының сарынына байланысты. «Бір күні Шад Ертістің жағасында халқымен бірге тұрғанда: «Шад Сіз мені суда көрдіңіз бе?» деген бір дауыс естілді. Шад судың бетінде қалқып жүрген бір тал шаштан басқа ештеңе көрмеді; ол атын байлап, суға кіріп әлгі бір тал шашты ұстады; сөйтсе, бұл оның әйелі Қатын екен. Ол одан: «Суға қалай құладың?» деп сұрады. Ол: «Өзеннің жағасында тұрғанымда қолтырауын ұстап алды», – деп жауап берді. (Қимақтар бұл өзенді құрметтейді, оған құлдық етеді, оған табынады және «Өзен қимақтардың құдайы» дейді)». Әрине, Ертістегі қолтырауын парсы авторының арқасында «пайда болды», ал түпнұсқада әңгіме су жыланы, айдаһар және т.б. туралы болған шығар. Тарихшы С. Ақынжанов ертегінің бұл үзіндісін былайша түсіндірді: Қасиетті өзенде қалқып жүрген әйелдің шашы, әйел-Қатын және айдаһар-жылан ұғымдарының төменгі дүниедегі тәңірмен ассоциативтік байланысы қимақ-қай тайпасының шығу тегінің генеалогиялық негізіне айналды», – дейді мәдениеттанушы.

Иә, түркілерде, соның ішінде қазақтарда жылан түріндегі үлкен ананың тотемдік культі сақталған. Ол жылан туралы мифологиялық көзқарастардың тұтас кешеніне айналады. Мәдениеттанушы Зира Наурызбайдың айтуынша, бірте-бірте патриархалдық қоғамда жыланның үлкен ана ретіндегі қызметі ұмыт болды. «Жылан/айдаһар барған сайын еркек кіндік бабалар культімен байланысты сипаттарға ие болуда. Солай болғанымен, бастапқы түсінік «бүрісіп қалған» түрде болса да сақталған және оны қалпына келтіру оңай», – дейді ол.

ЖЫЛАН ЖАЙЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Жалпы, жылан жайлы білгеніміз бір тоғыз болса, білмегеніміз – он тоғыз. Сондықтан қысқаша мәліметтерге де назар аударып қоялық. Ұзындығы 8 сантиметрден 12 метрге дейін жететін жыландардың денесі мүйізді қалқаншалар мен қабыршақтармен жабылған. Жыландардың омыртқа жотасы, иық және жамбас белдеулерінің болмауына байланысты бөлімдерге анық бөлінбеген екен. Қысқа және жуан жыландарда омыртқалардың саны 141 болса, ұзын әрі жіңішке жыландарда 435-ке дейін жететін көрінеді. Жылан терісі жылына 2-4 рет түлейді. Тіршілік ететін ортасына байланысты жыландардың реңі әртүрлі болып өзгеріп отырады. Айыр тілділерде өкпе біреу, ал қуығы болмайды екен. Аталықтарының копулятивтік мүшесі құйрығының түбінде тері астына орналасқан. Жылына бір рет көбейеді. Қарашұбар жыландар мен гюрзалар жұмыртқа салады, ал сұржыландар мен бозша жыландар тірі туып көбейеді. Жеке дара немесе топтанып қыстайды. Мәселен, сұржыландар топ боп жүреді. Топтанып қыстайтын түрлерін халық «ордалы жыландар» деп атайды. Жылан зиянды кеміргіштер, моллюскілер және жәндіктермен қоректеніп, табиғатқа пайда да келтірсе, кейбір түрлерінің терісі әсемдік бұйымдар, еті тамақ жасау үшін бағалы саналады, ал уы медицинада дәрі-дәрмек жасауға қолданылады.

Жалпы, жыланның 3 мыңға жуық түрі белгілі. Олар 12 тұқымдасқа бірігеді. Ең көбі – сарыбас жыландар, олардың 1 500-дей түрі бар. Қазақстанда 5 тұқымдасқа жататын соқырлар тұқымдасы, айдаһарлар тұқымдасы, сарыбас жыландар тәрізділер, сұржыландар, бозша жыландардың 18 түрі белгілі. Орталық Азия елдерінде улы жыландардан кобра, гюрза, эфа, Қазақстанда дала (тамғалы) сұржыланы, кәдімгі сұржылан, бозша жылан немесе қалқантұмсық жылан, оқ жылан кездеседі. Улы жыландардың көпшілігі адамға қарсы шабуыл жасамайды. Жыландардын терісі, еті, уы үшін көп аулау, сондай-ақ бейберекет өлтіру, олардың көптеген түрінің азаюына, таралған аймағынан тарылуына соқтыруда. Осыған орай олардың 26 түрі мен түр тармағы Халықаралық табиғат қорғау одағының «Қызыл кітабына», ал Қазақстандағы 4 түрі ұлттық «Қызыл кітапқа» (1996) енгізілген. Жыландардың дені құрлықта, әдетте қалың шөп өскен жерлерде, ағаш басында, шөлді аймақтарда, кейбір түрлері тұщы сулар мен теңіз-мұхиттарда тіршілік етеді. Түрлерге байланысты жыландар 4 жылдан 30 жылға дейін өмір сүреді.

Түйін:

Байқауымызша, әлем мифтерінде де жылан образы дәл осындай екі түрлі мәнге ие. Бірде культ, тотем ретінде бейнеленіп, медицинаның (әлемдік), байлықтың (түрік дүниетанымы) символы болса, ежелгі өркениеттердің көбінде саяси-әлеуметтік ахуалдың, діни биліктің қасиетті белгісі, жоғарғы күш иесі ретінде сипатталады. Ал біздің түрік халықтарында одан бір ерекшелігі бар. Ол – ең жауыз деген жыланның да тілін тауып, онымен тең тұрып, ортақ келісімге келу. Немесе жерасты жыландар еліне саяхат жасап, олардың түп-тұқиянын танып, білуді айтуға болады. Қазақ халқы үйге жылан енсе, оны өлтіріп тастамаған. Керісінше, құт келді деп жақсыға жорып, ырымдап, басына ақ құйған. Біздің қазақ даласында жыланның киелі екені белгілі. Жылан – аруақ деген сенім бар. Кейбір адамға рух жылан бейнесінде көрінеді. Оған дұрыс жолды меңзейді. Күні бүгінге дейін ел арасында жыланға деген құрмет ерекше. Ал кезінде жыланның тілін біліп, олармен сөйлескен әулиелер бертінге дейін өмір сүрген. Оларды «Тарымшылар» деп атаған. Бұл енді өзге мақаланың жүгі болмақ.

ШАҢЫРАҚТЫ ШАТТЫҚҚА БӨЛЕГЕН

Жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер шағы көктемдегі ең асыл дүние – Наурыз мерекесі. Бұл күнді күллі түркі жұрты ғана емес, әр шаңырақ асыға күтеді. Себебі бабалар тарихынан бастау алған ұлы күн – жаңа жылдың нышаны. Жалпы, Наурыз мейрамының отбасы өміріндегі рөлі қандай? Дәстүрдің озығы мен тозығы бар ма?

Көктем ҚАРҚЫН

Радмир Фахрутдинов (фото)

Еліміз 1991 жылдан бері Наурыз мейрамын тойлап келеді. 2009 жылдан наурыздың 21, 22, 23 күндері Наурыз мейрамы деп жарияланды. Іле-шала ЮНЕСКО Наурыз мерекесін материалдық емес құндылықтар тізіміне енгізді. 2010 жылы БҰҰ бұл мейрамды ресми түрде 21 наурыз күніне белгілеп, Халықаралық Наурыз күні деп жариялады. Ал 2024 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен елімізде Наурыз мейрамын он күн бойы тойлау дәстүрі бастау алды. Бүгінде Наурыз жалпыхалықтық мереке ғана емес, отбасылық құндылыққа да айналған. Бұл туралы 1918 жылы жарық көрген «Сары арқа» газетінде Міржақып Дулатұлы да жазыпты. «Бұрынғы ата-бабаларымыз наурыз туғанда бастарын қосып, құшақтасып көрісіп, қуанысып, бірін-бірі наурыз көжеге шақырып жүріседі екен. Жастар біркелкі ойын ойнап, ат шаптырып, сауық-сайран қылады. Заман ауырлап өзгерген сайын халықтың көңілі де жабыңқы тартып, бұрынғыдай ойын-сауық азаюға айналды. Сондықтан наурызды жұрт тегіс майрам қылудан қалыңқырап бара жатыр еді. Соңғы жылдарда біздің қазақ-қырғыз һәм өзге түрік қауымдары да наурызды тірілтіп, бұрынғыдай мейрам қыла бастады», – деп жазған Алаш арысы.

МЕРЕКЕ ТАЗАЛЫҚТАН БАСТАЛАДЫ

Шынымен де, наурыз – әр отбасының асыға күтетін мерекесі, ықылым заманнан жаңару мен тазалық айы. Күн мен түн теңелетін шақты әр отбасы қасиетті санап, мерекеге дайындықты ең бірінші тазалықтан бастаған. Ағаш егу, үй-жайды тазарту, бұлақ көзін ашу сияқты жұмыстар осы наурыз айында атқарылады. Бұл – жаңа жылға, жаңа күнге жаңарып, тазарып қадам басу дегенді білдірсе керек. Сонымен қатар Наурыз мерекесі қарсаңында ескі-құсқы заттарды лақтырып, отпен аластау рәсімі де өткізілетін болған. Бүгінде осы дәстүр жаңғыртылды. 14-23 наурыз аралығындағы «Наурызнама» онкүндігі аясында жер-жерде тазалық жұмыстары атқарылып, көшеттер егіліп, арық-атыздар қоқыстан тазартылады. Тіпті, Наурызнаманың бір күні арнайы Тазару күні болып бекітілген.

– Наурыз мейрамы қазір жоғары деңгейде атап өтіліп жүр. Он күн бойы қазақтың салт-дәстүрін, ұлттық өнегесін жаңғыртып жатырмыз. Бірақ әлі де науқаншылықтан арылған жоқпыз. Тек қана осы мейрам күндері салтымызды көрсету керек сияқты. Ал қалған күндері жан-дүниемізбен қалап, салтымызды ұстанып жүрмейміз. Осы мәселе мені қынжылтады. Мысалы, наурызда қазақтың дәстүрін көрсетеміз деп бесікке жасы үлкен балаларды бөлеп жүр. Енді біреулер киіз басудамыз деп дайын киіздерді умаждап отырады. Осы дүниенің барлығы неге шынайы емес? Тек мерекеде емес, жыл бойы дәстүрлерімізді жандандырсақ болады ғой. «Ертең ұлттық киім керек еді?» деп тек наурызда қазақы киім іздейді, – дейді этнограф Бұлбұл Кәпқызы.

НАУРЫЗДА СЫЙЛЫҚ СЫЙЛАУЫМЫЗ КЕРЕК

Наурызнаманың онкүндігі аясында ұлттық тағамдарымыз да, ұлттық киімдеріміз де қайта жаңғырды. Қыстың аязын артқа тастаған туыстар бір-бірімен мәре-сәре болып қауышып, дастарқан басында жыналады. Наурыз көже – мерекенің басты тағамы. Оны дайындауға кемінде жеті түрлі ингредиент қосылады: су, ет, тұз, май, ұн немесе күріш, тары, сүт немесе айран. Бұл – молшылық пен берекенің белгісі. Сонымен қатар ет асылып, бауырсақ, құрт, ірімшік, жент секілді ұлттық тағамдар әзірленеді.

– Наурыз – Орталық Азия үшін ерекше мерекелердің бірі. Жаңа күн –жаңарудың белгісі. Бала күнімізден Наурыз десе жеті дәмнен құралған «Наурыз көже» ұғымы ең бірінші ойымызға келеді. Былтыр еліміз бойынша Наурызнаманың онкүндігі бекітілді. Мен Парламентте «Ұлттық киімге арнайы күн бекітейік. Қырғыз елінде, Бразилия, Жапонияда осындай атаулы күн бар» деп бастама көтердім. Кейін бұл күн наурызнамаға еніп, мерекені тойлауға жаңа реңк бергендей,– дейді Мәжіліс депутаты Дәулет Мұқаев.

Оның айтуынша, жаңа жылда ғана емес, Наурыз мейрамында да сыйлық сыйлауды әдетке айналдыруымыз керек. Сыйлық – адамдарды жақындастырады.

– Ұлыстың ұлы күні – әр отбасына жылулық сыйлайтын мереке. Көп жылы сөз айтып, жақсылық жасауымыз керек. Наурызда Самарқанның көк тасы еріпті деп айтамыз ғой, сол сияқты наурызда адамдар арасындағы өкпе-реніш те ұмыт болуы қажет. Бес күндік демалыста туған-туыстарымызбен бір-біріміздің үйімізден көже ішіп, әулеттің үлкендерінің ақ батасын аламыз. Соңғы кездері әулетіміздегі балалар арасында асық ату, арқан тарту сияқты ұлттық ойындардан жарыс өткізіп, киноға, театрға билет сыйлап жүрміз. Отбасы – шағын мемлекет. Жанұямызда әрқашан жылулық сақталса, Отанымызда да тыныштық пен береке болатыны сөзсіз, – дейді Мәжіліс депутаты.

Бата – қазақтың ертеден келе жатқан ұлттық дәстүрлерінің бірі. Бата, тілек ақ дастарқан басында, тек жақсылықтарда айтылады. Мұның бір жағында үлкенді сыйлау жатса, екінші жағында «баталы құл арымас, батасыз құл жарымас» деген, ізгі ықылас-игілікке деген тілектестік жатады. Қазақта батаны көбіне келешегі алда жасөспірімдер сұрайды. Жақсылардың, көп жасағандардың, киелілердің, аузы дуалылардың батасын алуды жақсылыққа санап, ырымдайтындар ертеде осындай адамдарға алыста болса да арнайы жіберетін. Қазақта батаның түрі тым көп. Әр адам өз білгенін айтса болады. Бірі – «батыр бол» десе, бірі «бай бол», «ақылды бол», «ақ сақалды, сары түсті шал бол», тағы бірі «бәледен сақта», – дейді. Ал Наурызда берілетін бата ерекше мәнге ие, өйткені ол жаңа жылдың басталуымен, жаңарумен және берекемен тікелей байланысты.

– Наурыз – айдан аман, жылдан есен шыққанда тойланатын мереке. Әр отбасы жаңа жылды күткендей, наурызды күтіп, сыйлық алмасса да артық емес. Бауырлас елдерде де наурыз күні жастар үлкенге ізет көрсетіп, тапқан табысына сыйлық әпереді. Ал үлкендер жастарға батасын береді, – дейді этнограф Бұлбұл Кәпқызы.

«ТІЛЕУ КӨЖЕ» ҰМЫТ БОЛҒАН

Наурыз мейрамында халық береке мен молшылықтың нышаны ретінде «Тілеу көже» немесе «Жеті дәм» тарату дәстүрін ұстанады. Бұл – адамдардың бір-біріне ізгі тілек айтып, дастарқаннан дәм татқызу арқылы жақсылыққа ниет білдіруінің көрінісі.

– Наурыз көжеге жеті түрлі дән салу керек деген қатып қалған қағида бар. Кезінде бір ауыл бір қазан көжеге кебежесінің түбінде қалған дәндерін, соғымдарын әкеліп қосқан. Ауылдағы үйдің барлығы бірігіп, қыстың ызғарынан аман шығып, көктемнің шуағына жеткенін атап өткен. Ал қазір кезінде наурыз көже жасаған деп барлық үй базардан жеті түрлі дән әкеліп, молынан көже пісіреді. Бірақ ертесі күні сол көже ішілмей, қоқысқа төгіп жатқандар да бар. Бұл – ысырапшылдық. Бір ауылда бір үй ғана көже жасаған кездер болған. Жеті дәнді қосу шарт емес. Жеті дәнді жоқшылықтан әр үйден жинаған. Бұл – дәстүріміздің тозығы. Әр отбасы өзіне шақтап, наурыз көже жасап ішсе болады, – дейді Бұлбұл Кәпқызы.

«Тілеу көже» – Наурыз мейрамында арнайы дайындалатын, жеті түрлі дәмнен тұратын қасиетті тағам. Бұл көжені әр үйде жасап, туған-туыстарға, көршілерге, мұқтаж жандарға тарату – халықтың кең пейілі мен қонақжайлығын көрсетеді. Бірақ қазір бұл дәстүр ұмыт болғандай.

– Біз бұрынғы дүниелердің негізін жоғалтпауымыз керек. Бірақ дәстүрімізді жаңа заманға икемдеуіміз қажет. Іс-әрекет жасағанға ыңғайсыз шапан мен кимешек кимей-ақ заманауи үлгіде қазақы нақышта киінсек те жетеді.

Өткенде бір апа кішкентай баланың тұсауын кессек, жеті атасының күнәсі кешіріледі екен деп айтып жатыр. Баланың тұсауын кескенде «сәби жүгіріп кетсін» деп қана ырымдаған. Тұсауы кесілмеген бала да жүреді. Бірақ ол сүріншек келеді, – дейді этнограф.

Иә, қазақ халқының дәстүрлері ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, кейбірі заман талабына сай жаңғырып, ал кейбірі өзектілігін жоғалтып жатыр. Наурыз мерекесі де осындай өзгерістерді бастан кешіріп келеді. Көрісу күні, Наурыз көже жасау, бата беру, ұлттық ойындар ойнау сияқты салт-дәстүрлеріміз жаңа заманмен бірге қайта түлеп, өз қажеттілігін жойған жоқ. Ал уақыт талабына сай кейбір дәстүрлеріміз мәнін жоғалтқан. Атап айтсақ, бұрын халықта 21-22 наурыз түнінде үйге Қызыр баба келеді деген наным болған. Осы түнді ерекше қарсы алу, есік-терезені ашып қою салты, «Қызыр түні» сенімі бүгінде ұмыт қалған.

Сонымен қатар ертеде Наурыз түні үйлерде жеті майшам жағылып, жаңа жылға арналған тілек тілейтін болған. Қазір бұл дәстүр сирек кездеседі, тек этнографиялық қойылымдарда ғана көрсетіледі. Бұрын ескі ыдыстарды сындырып, жамандықты кетіру деген сенім болған. Қазіргі заманда экология мен тұрмыстық мәдениетке байланысты бұл дәстүр де маңызын жойды. Сосын қазақта «Наурыз күні түске дейін ұйықтаған адамның ырысы кемиді» деген сенім болған. Бүгінде бұл дәстүр де мәнін жоғалтты.

Иә, дәстүрлер заман талабына сай өзгеріп отырады. Наурыз мерекесіндегі озық дәстүрлерді сақтап, жаңғырту – ұрпақ алдындағы міндет. Ал тозығы жеткен, қажетсіз болған дәстүрлер уақыт өте келе қолданыстан шыға береді.

Қазақы Жыл бастауы мейрамы бүгінде кең көлемде тойланып жатқанымен, оның тамыры терең тарихтан бастау алады. Ал мұрағаттағы құнды деректер әз-Наурыз мерекесін тұңғыш рет Тұрар Рысқұлов түлеткенін айғақтауда.

ТҰРАР ТҮЛЕТКЕН МЕРЕКЕ

Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Жалпы, Наурыз мерекесінің мың жылдық тарихы барын ғалымдар айтуда. Ал 2010 жылы БҰҰ Бас ассамблеясы 21 наурызды «Халықаралық Наурыз күні» деп белгілеуі де бекер емес. Өйткені Бас ассамблея қарарында: «Наурыз мерекесі 3000 жылдан бері Орталық Азия, Балқан түбегі, Қара теңіз аймағы, Кавказ және Таяу Шығыс елдерінде тойланып келеді. Бұл мереке 300 миллионнан астам адамның басын біріктіруде», – деп Наурыз мерекесінің тарихы тереңде жатқанын мойындауда.

UNESCO халықаралық ұйымы болса, 2009 жылы 30 қыркүйекте Наурыз мейрамын «Адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасы тізіміне» қосты.

Осылайша, күн мен түннің теңесуі тұспа-тұс келетін Наурыз мерекесін – Жыл басы ретінде әлемдік деңгейде атап өту дәстүрі қалыптасты.

Ал дала төсін тұлпар тұяғының дүбірі тербеген көшпенділер дәуірінде Ұлы даланың ұлы ұрпақтары Наурыз мерекесін «Ұлыстың ұлы күні» деп ұлықтады. Сондай-ақ бұл мереке Ұлы даланың мекен еткен көшпенділердің басын біріктіруші рөл атқарды. Кеңестік кезеңнің идеологтары мерекенің осы қырынан қатты қорқып, оны ататып өтпеуге бар күштерін салды. Алайда 1920 жылы 20 наурызда еліміздің оңтүстік өңірінен құрылған Түркістан Республикасы советінің орталық атқару комитетінің төрағасы Тұрар Рысқұлов «Наурыз» мерекесіне мемлекеттік мәртебе беретін бұйрыққа қол қойып, солақай саясаттың сойылын соққандарды састырды.

«Түркістан совет республикасы советтерінің Орталық атқару комитетінің осы жылғы 20 наурыздағы қаулысына сәйкес, қаулы етемін: 22 наурыз – «Көктем басы – Наурыз» бүкілхалықтық мерекесі деп саналсын», – делінді құнды құжатта. Қаулы телеграф және телефонмен таратылып, мерекені атап өтуге мекемелер септесуі қажеттігі айтылды. Кейін осы құжатты Жамбыл облыстық архивінен ардагер журналист, мұрағатшы Мақұлбек Рысдәулет тауып алып, жарыққа шығарды.

«Большевиктер еш дәлелсіз Наурызды діни мереке деп санады. 1930-жылдары Қазақстандағы түрлі көтерілістен кейін Наурыз ғана емес, қазақтың бата беру дәстүрі де Совет билігіне қарсылық секілді қабылданды. Архивте «көтерілісшілер әуелі бата жасап, ант қабылдады» дейтін құжаттарды көрдім», – деген жазба қалдырды естілігінде марқұм Мақұлбек Рысдәулет.

Осылайша, Наурыз тұрмыстық деңгеймен ғана шектелді. Дегенмен халықтық мереке 1930-1932 жылдардағы ашаршылыққа дейін тұрақты түрде өтіп тұрған. Тек «наурыз» атауының орнына енді «амал», «қамал» деген сөздер қолданылды. Ашаршылық, репрессия аяқталып, қазақ жеріне жылымық ене басталған шақта оңтүстік аймақтарда «Көп көже» деген атпен ауылдарда наурыз көже беріле бастағанын тарихи мәліметтер растайды.

Билік тарапынан ресми шектеу қойылғанымен, қылышынан қан тамып тұрған Кеңес заманында ұлт зиялылары астыртын болса да әз-Наурызды ел есіне салып тұрды. Айталық, бұл жайлы «Жас Алаш» газетінің атауын қайтарған, басылымның сол кездегі редакторы Уәлихан Қалижан: «Бұрын Совет тұсында Сейдахмет Бердіқұлов бас редактор болып тұрған кезде Наурыз мерекесі қарсаңында газет нөмірі көгілдір түспен шығатын. Оны «көктем нөмірі» деп атағанымен, астарында Наурыз тұратын еді», – деп еске алады.

> **Ал дала төсін тұлпар тұяғының дүбірі тербеген көшпенділер дәуірінде Ұлы даланың ұлы ұрпақтары Наурыз мерекесін «Ұлыстың ұлы күні» деп ұлықтады. Сондай-ақ бұл мереке Ұлы даланың мекен еткен көшпенділердің басын біріктіруші рөл атқарды.**

Артынша, 1985 жылы Кеңес Одағының билік басына Михаил Горбачев келіп, ол бірден «қайта құру» және жариялылық саясатын жариялады. Тоталитарлық режимді іріте бастаған демократиялық процестерді пайдаланған халық Наурыз мейрамын кеңшар-ұжымшар, тіпті қала көлемінде біртіндеп атап өте бастады. Осы тұста Наурызға «мемлекеттік мереке» мәртебесін беру мәселесі күн тәртібіне қайта көтерілді. Бұл іске сол кездегі Қазақстан компартиясы орталық комитетінің хатшысы болып сайланған Өзбекәлі Жәнібеков 1988 жылдың ақпан айында қызу кіріседі. Ол туралы журналист Уәлихан Қалижан өз естелігінде: «Лениншіл жас» газетінің бетінде оқырмандармен «Тікелей телефон» арқылы сұхбат жүргізу дәстүрі бар еді. Соған Мұхтар Шахановты шақырдық. Сонда осы мәселені көтерді. Артынша газетке «Наурыз» мерекесінің қажеттілігі жайында арнайы материал да бердік. Көп ұзамай Орталық комитет хатшысы Өзбекәлі Жәнібеков шақырды. Материалдарымды жинап алып барсам да сескендім, бірақ ол кісі қолдады. Сөйтіп, өзі Қазақстан компартиясының бірінші хатшысы Геннадий Колбинге кірді. Содан кейін Колбин Наурыз мерекесін атап өту туралы хат жазған Мұхтар Шахановты қабылдады», – деп жазады.

Әдебиет зерттеушісі Рахманқұл Бердібай да өз естелігінде 1988 жылы наурыз айының басында Жазушылар одағында үлкен жиын болғанын, сонда «басқа елдерде Наурыз жыл сайын тойланатынын, бізге бұл жақсы дәстүр қашан келетінін» басқосуға қатысып отырған Өзбекәлі Жәнібековтен сұрағанын, ол оны «бірден қолдағанын» айтқан. Осындай қолға алынған ілкімді істердің нәтижесінде Наурыз мерекесі 1988 жылы алғаш рет Алматы қаласы мен Алматы облысының Жамбыл ауданында үлкен халықтық мейрам ретінде аталып өтті. Ал араға бір жыл салып, яғни 1989 жылы Қазақстанның барлық облысында жаппай тойланып, халық шат-шадыман күй кешті. Содан 1991 жылы 15 наурызда, яғни егемендіктің елең-алаң тұсында Наурыздың 22-сі – халықтық мереке «Наурыз мейрамы» болып жарияланды.

Осылайша, Тұрар Рысқұлов мемлекеттік деңгейде тұңғыш рет тойлатқан төл мерекеміз – әз-Наурыз тәуелсіздік жылдары қайта түлеп, өз тұғырына қонды. Жылдан-жылға ұлық мейрамның да мән-маңызы артып келеді. Айталық, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен былтырдан бері «Наурызнама» онкүндігі әзірленіп, соның аясында тағылымға толы іс-шаралар ұйымдастырылуда. Бұл да Ұлыстың ұлы күнінің жаңаша сипат алғанының айқын көрінісі.

TEN QOGAM-да ТЕҢ МҮМКІНДІК

Еліміздегі мүгедек жандардың саны 2024 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 732,1 мың адам болып есептеледі. Ол халықтың жалпы санының 3,6%-ын құрайды, олардың 381,3 мыңы еңбекке қабілетті жастар.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

«Ерекше күтімді қажет ететін жандарға жан-жақты қолдау көрсетудің аса маңыздылығын» назарға ала отырып ашылған Қарағанды қаласындағы Ten Qogam әлеуметтік бейімдеу орталығы ауқымды іс-шараларды жүзеге асыруда.

Аз ғана үзілістен кейін Қарағанды қаласында Ten Qogam мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік бейімдеу орталығы қайта қызмет көрсете бастады. Әлеуметтік тапсырысты тағы да Qamqor Plus мүгедектер қоғамдық бірлестігі алды. Бұл мүмкіндігі шектеулі жандар алдағы үш жыл бойы қажетті көмекті тегін ала береді дегенді білдіреді.

Орталықтың негізгі мақсаты – Қарағандыда тұратын 18 жастан асқан мүгедектерге ақпараттық және ресурстық қолдау көрсету. Орталық үш жылдан бері мүмкіндігі шектеулі жандардың қоғам мен еңбек ортасына кірігуіне жағдай жасау үшін белсенді жұмыс істеп келеді.

Жұмыс бірнеше бағыт бойынша жүргізілуде: мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру, әлеуметтік және психологиялық қолдау, заң көмегі.

– Орталық бір терезе қағидаты бойынша жұмыс істейді. Бұл жерге өзінің проблемасымен келген мүмкіндігі шектеулі адам шешім қабылдай алады. Біз жұмыспен қамтуды үйлестіру бөлімімен және басқармасымен, қалалық және облыстық әкімдіктермен, Еңбек ұтқырлығы орталығымен тікелей өзара іс-қимыл жасаймыз, – дейді орталық басшысы Нияз Сүндеталиев.

Өмірдің түрлі аспектілері бойынша көмек алуға болатын бірыңғай кеңістік құру идеясы мүгедектігі бар адамдардың өмірін жеңілдету ниетінен туындады.

Олардың бірі бола тұра, Нияз Сүндетәлиев мүгедектер үшін «қолжетімді» ортаның қаншалықты қол жетімсіз екенін сезінді.

Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мамандарының пікірінше, мүгедектігі бар адамдар жұмыс істейтін қоғамдық бірлестік көмек сұрап келгендермен жедел байланыста бола алады.

– Бұл жоба мемлекеттік органдар мен мүгедектігі бар адамдардың сұраныстарын біріктіру және проблемаларды жедел шешу үшін көпір болып табылады. Болашақта бұл жоба бұдан да жақсы нәтижелер көрсетеді деп ойлаймын, – дейді Қарағанды қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысының орынбасары Бақытнұр Талипова.

Орталық жұмысының құрамдас бөлігінің бірі психологиялық көмек көрсету және қолдау көрсету. Психолог қатысушыларға олардың мықты жақтарын анықтауға, мансаптық жоспар әзірлеуге және жаңа жұмыс орнында жұмыс іздеуге немесе бейімделуге байланысты ішкі кедергілерді еңсеруге көмектесетін жеке кездесулер өткізеді.

Ашылу күні орталықта кеңес алуға келгендерге психологиялық тренинг өткізілді.

– Бізге ең бастысы қарым-қатынас жетіспейді. Көбісі төрт қабырғаға қамалып, үйінен ешқайда шықпайды. Мүгедектікке дейін мен әдеттегідей өмір сүріп, жұмыс істедім. Қазір де жұмыс істегім келеді, сондықтан осы жерге көмек сұрап келдім, – дейді мүгедектігі бар қарағандылық Меруерт Смағұлова.

Ten Qogam мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік бейімдеу орталығында заң мәселелері бойынша адвокат Анди Арсаев аптасына үш рет – дүйсенбі, сәрсенбі және жұма күндері тегін кеңес береді.

Алдағы уақытта Ten Qogam-ды үлгі етіп, Қарағанды облысының басқа қалалары мен аудандарында осындай орталықтар құрылады.

ҚР 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 204-VI «Табиғи монополиялар туралы» заңының 25-бабы, 10-тармағына сәйкес «Астана су арнасы» МКК тұрғындарды, кәсіпорындар мен ұйымдарды реттелетін қызметтеді тұтынушыларға және өзге де мүдделі тұлғаларға көрсету бойынша жыл сайынғы есеп беру өткізілетінін хабарлайды.

Субъектінің атауы: «Астана су арнасы» МКК

Есептік кезең: 2024 жыл

Жыл сайынғы есептің өткізілетін уақыты және орны: 2025 жылғы 22 сәуір, сағат 15:00-де, Астана қаласы, Абай даңғылы 103 (акт залы және онлайн-конференция тәртіптемесі)

Реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлері: сумен жабдықтау және кәріздендіру

МЕЙІРІМ МЕКЕНІ

Қызылорда қаласында «Атамекен» отбасы үлгісіндегі балалар ауылы бар. Жыл сайын бұл мейірім мекенінде Наурыз мерекесін ерекше сипатта тойлау үрдіске айналған. Әсіресе, балалар ауылының тұрғындары мерейлі сәтке күні бұрын қызу дайындық жасап, қазақы нақышта киініп, көтеріңкі көңіл-күймен келеді. Оған мереке мезіретінде ұлағат ұясына арнайы барып, балалардың жай-күйімен танысу барысында көз жеткіздік.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Негізі, он жылға жуық уақыт бұрын, яғни 2015 жылы жұмысын бастаған коммуналдық мемлекеттік мекемесінде жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған 4 пен 18 жас аралығындағы түрлі ұлт өкілдерінің балалары білім мен тәрбиенің тал бесігінде тербеліп жүр. Сәби шағынан өмір ағысының бұраланымен бетпе-бет келген өрендер ізгілік ұясынан мейірім мен махаббаттың шуағын сезініп жүргені байқалады.

Балалар ауылында қосқабатты 8 үй мен әкімшілік ғимарат орналасқан. Әр үйде балаларға арналған жатын бөлме, ойын, сабақ және гигиеналық жуыну бөлмелері, қонақжай орналасқан. Барлық бөлме заманауи талапқа сай құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Ат шаптырым аумақты алып жатқан кең аулада баскетбол, волейбол және басқа да спорт түрлеріне арналған ойын алаңы, бүлдіршіндердің демалыс орындары салынған. Ауыл айналасы жасыл желекпен көмкеріліп, тіпті жылыжай кешені де іске қосылған.

«Ерте көктемнен балаларымыз үйлерінің айналасына тал отырғызып, көгалдандыру жұмыстарын жүргізеді, жеміс ағаштарын күтіп баптайды. Көкөніс, бақша дақылдарын егіп, жылыжай жұмысына да атсалысады. Берекелі күзде жемістерден түрлі тоспа әзірлеп, қыстық азығын қамдауға кіріседі. Балалар қала аумағындағы арнайы бекітілген орта мектептерде білім алады. Сабаққа мекеменің арнайы автобусымен тасымалданады. Одан өзге, түрлі үйірме мен спорт секцияларына да қатысып, қабілеттерін шыңдауға мүмкіндік жасалған. Соның нәтижесінде болашағынан зор үміт күттіретін өнерлі өрендеріміз өсіп келеді. Жыл сайын Наурыз мерекесін балаларымыз ерекше ықыласпен қарсы алады. Биыл да наурызнаманың онкүндігіне түрлі шара ұйымдастырудамыз. Соның ішінде асық ату, бестас ойыны, Ұлттық киім күніне арналған іс-шараларымызға тәрбиеленушілеріміз жоғары белсенділік танытуда», – дейді мекеме директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ақнұр Ерболатқызы.

Директор орынбасарының айтуынша, бүгінде балалар ауылында 44 тәрбиеленуші бар. Олар арнайы отбасылық топқа бөлініп, қосқабатты 7 үйде білім мен тәрбиенің бал шырынын татып жүр. Әр үйге бір ана-тәрбиешіден бекітілген. Ал сегізінші қосқабатты үй өнерге бейім балалардың шеберліктерін шыңдау мақсатында Шығармашылық үйі ретінде жұмыс істейді.

Тәрбиеленушілер арасында түрлі облыстық, республикалық, халықаралық спорт, өнер және білім сайыстарында топ жарып, үздіктер қатарынан көрініп жүрген өрендер аз емес. Соның ішінде «Байқоңыр» отбасының тәрбиеленушісі, балалар үйінің Ерсұлтан есімді оқушысы Президенттің қолынан «Жаңа Қазақстанның 100 дарынды оқушысы» төсбелгісін алыпты. Ал 12 жастағы Алеся есімді тәрбиеленушісі вокалға қатысады. Би билеп, қобыз аспабының құлағында ойнайды. Төрт жасынан бастап ән айтумен де әуестенеді. Былтыр Ресейдің «Ты супер!» бағдарламасына қатысып, лауреат атаныпты.

«Өзім «Мансап» мектебінде оқимын. Қазір өнер мектебінде қобыз үйірмесіне қатысамын. Ән айтқанды ұнатамын. Наурыз мерекесін ерекше жақсы көремін. Жылда бәріміз жердің тоңы жібіп, табиғат көк желекке оранатын көктем мезгілінің ерекше сәтіндегі қазақы нақышта киініп, ұлттық құндылықтарымызды дәріптейтін ұлық мерекені асыға күтеміз», – дейді жоба қатысушысы Алеся.

Сол сияқты Рома есімді жеткіншек те осы жобаның қатысушысы атанып, үздіктер қатарынан көрінген. Бүгінде өзі «Атамекен» балалар ауылы жанындағы жастар парламентінің президенті болып сайланған.

«Қазір 11-сыныпта оқимын. Болашақта білімімді шыңдап, білікті маман иесі атансам деймін. Осы мақсатта информатика және математика бағытын таңдап отырмын. Яғни, болашақта IT саласының маманы болғым келеді. Көздеген мақсатыма жету жолында ҰБТ-ға дайындалып жатырмын», – дейді Роман.

Балалар ауылының Полина есімді тәрбиеленушісі де ерекше өнерімен дараланады. Қаладағы №140 мектептің оқушысы Абай өлеңдерін нақышына келтіре оқудың шебері. «Абай оқулары» сайысының I-орын жеңімпазы. Балалардың екі үйірмеге қатысу қағидатына сәйкес, спорт пен білім сайыстарынан бөлек, Ерсұлтан, Тимур және Камила есімді балалар «Қарақат» мектеп студиясына қатысып, домбыра курсынан дәріс алып жүргенін де айта кеткен абзал. Осы кезге дейін түрлі республикалық, халықаралық өнер додаларында топ жарған. Ал 2-сынып оқушысы кішкентай Азамат есімді балақай ақын өлеңдерін мәнерлеп оқудан алдына жан салмайды екен.

«2017 жылдан бастап осы «Байқоңыр» отбасында ана-тәрбиешімін. Жеті бала, яғни төрт ұл, үш қыз тәрбиелеп отырмын. Балаларым жылда наурыз мерекесін асыға күтеді. Жоғары белсенділікпен дайындалады. Бәрі ұлттық нақышта киініп, өз өнерлерін көрсетеді. Жалпы, отбасымыздағы балаларымыздың бәрі де «сегіз қырлы, біо сырлы» деп айтуға болады. Біз де өз тарапымыздан балалардың қарым-қабілетіне қарай бейімдеуге тырысып жатырмыз», – дейді аталмыш отбасының ана-тәрбиешісі Жұлдыз Айжарыққызы.

Қазір балалар ауылында 20 өзге ұлт өкілі мен 24 қазақ баласы тәлім алып жүр. Оның ішінде ата-анасынан ерте айырылған бүлдіршіндермен қатар, өмір бақи немесе уақытша ата-ана құқығынан айырылған отбасының балалары тұрып жатыр. Балалардың белгіленген кестеге сәйкес заң аясында жақын туыстарымен кездесіп тұруына да мүмкіндік қарастырылған.

Байқағанымыз, отбасы үлгісіндегі балалар үйінің ана-тәрбиешілері өмірдің сан соқпағына тап болып, осы мекеннен мейірімнің ұшқынын сезінген өрендердің ертеңіне әркез алаңдап жүреді. Әлбетте, ана мен әкенің орнын ешбір жан айырбастай алмайтыны анық. Десек те, шаттық ұясындағы балғындардың жүзінен өмірге деген сүйіспеншіліктің табын аңғардық.

Ең бастысы балалардың әз-Наурызға деген әзірлігі көз қуантады. Қазақы нақышта киініп, ұлттық ойындардың көрігін қыздырып, балалар ауылын думанға бөлеп жатыр.

20 НАУРЫЗ 2025 | БЕЙСЕНБІ

Қазақ ұлттық ойындары көп болғанымен, оның біразы ұмытылды. Оған себеп – Кеңес үкіметін құру кезеңіндегі ойындарды «ескінің қалдығы» деп ешкім ескермеді, баспа беттерінде жарық көрмеді. Соңғы жылдары газет-журналдарда ұлттық ойындарды қайта жаңғырту, халықтық педагогиканың бір саласы ретінде мектептердің, балалар мекемелерінің оқу-тәрбие жоспарына енгізу мәселелері қойылып отыр.

ҰМЫТ ҚАЛҒАН ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР

Әсет ҚАЛИ

– Негізінде, ұлттық ойындарымызды осы наурызда ойнауымыз керек. Ойнап қана қоймай, үлкен жарыс қылып, ел біріншілігін өткізу керек. Сол арқылы ұлттық спортымызды, өнерімізді, дәстүрімізді наурызға тиек етіп дамыта аламыз. Бір ғылыми еңбекте итальян саяхатшысы Плано Карпини 1200 жылдары Қарақорымға барады. Сол кезде естелігінде былай жазады: «Мен барғаннан кейін көктем тойында (яғни, бұны наурыз деп түсінсек болады) үлкен мемлекеттік дәрежеде сайыс өтті. Биік мұнараға жамбы не туды нысанаға тігіп қойып, жан-жақтан жиналған атақты мергендер сайысты. Бәрін атып түсірген мергенге «ұлыстың ұлы мергені» деген атақ берді» дейді. Міне, бұл орта ғасырда қазақ ұлттық ойындары ауқымды деңгейде қолданыста болғанын көрсетеді, – дейді журналист, этнограф Бекен Қайратұлы.

Журналист өз сөзінде ұлттық салт-дәстүрімізді жаңғырту керек екенін алға тартады. Оның сөзінше, кейбір ескі деректерде бұл ойындарды «көктемгі ойындар» деп те атаған екен.

«АҚ БОРАН» МЕН «ҚАЛТЫРАУЫҚ ҚАМЫР КЕМПІР»

Қазақ халқының ойын-сауық, әдет-ғұрып ойындарының көпшілігі осы ойынмен басталады. Наурыз мейрамында бұл ойындар екі жақтың тартысы арқылы ойналып, қыстың қысылтаяң қаттылығын бейнелейтін болған. Наурыз кезінде жақын екі ауылдың келісуі бойынша мерекеге жиналғандар екі топқа бөлінеді. Бірінші топтың аты – «Ақ боран» да, екінші топтың аты – «Қалтырауық қамыр кемпір». Әр топ ойын басталмас бұрын өздерінің ішінен өнердің барлық саласынан хабары бар ақын, палуан, мерген, құсбегі, шабандоз сияқты ойыншыларын дайындап, сайлап алады да, жиналған қауым екі ауылдың ең үлкен ақсақалының батасын алады. Ойын ең алдымен екі жақтың ақындар айтысымен басталады. Мереке өнердің барлық саласы бойынша осындай қызу тартыспен өтеді.

ҚИМАҚ

Бұл ойында жіп керіп, сол керілген жіпке әртүрлі ұзындықта сан алуан заттар байлап қояды. Қалам, өшіргіш, кәмпит, кітап, әртүрлі ойыншық және ойын көңілді болуы үшін бос қағазды да домалақтап орап қояды. Ойынның шарты: бір адамның көзін байлап, ойын бастаушы оның қолына қайшы ұстатып, «Осылардың ішінен қалағаныңды қиып ал», – дейді. Ол адам қиған

затын алады. Егер бірінші рет қия алмаса, екінші рет әрекеттенуге болмайды.

БҰҒЫНАЙ

Ойынға қатысушылар дөңгелене отырады. Ойын жүргізуші балаларды «бірінші бұғынай, екінші бұғынай, үшінші бұғынай...» деп ең ақырғы ойыншыға дейін белгілеп шығады да, кенеттен бір санды атайды (мысалы, жетінші бұғынай). Сол санның иесі орнынан жылдам тұрады да, бір санды айтып, тез орнына отырады. Ол санның иесі де тез тұрып, келесі бір санды айтып орнына отырады. Әрбір айтылған санның иесі «бұғынай» деген сөзді қосып айтып, қайталаумен болады. Егер айтылған санның иесі тұра алмай қалса немесе оның орнына басқа біреу тұрып қойса, онда ойында белгіленген тәртіп бойынша жаза қолданылады (билеу, өлең айту, жұмбақ шешу, т.с.с.). Ол жазасын орындап болған соң бір санды айтып орнына отырады. Ойын жалғаса береді. Әркім өзіне берілген санды ұмытпауға, тез қимылдап, жедел шешім қабылдауға жаттығуы керек.



АЙДАП САЛ

Бұл ойынға қатысушыларға шек қойылмайды. Ойыншылар екі топқа бөлінеді. Бірінші топтың ойыншылары сыртқа шығып кетеді де, екінші топтағылар үйде отырып қалады. Ойын жүргізуші сыртта тұрғандардың есімін үйде отырғандардың әрбіреуіне қойып, өзі белгілеп алады да, сырттан келген ойыншыларға қойылған есімді білдірмейтіні жөнінде ескертеді. Енді сырттағы ойыншыларды бір-бірлеп шақыра бастайды. Сырттан келген ойыншы үйдегі ойыншылардың біреуін көрсетіп, яғни өз есімімен аталған ойыншыны табуы керек. Егер таба алмаса, онда ойыншылар орындарына барып отырады. Осылайша, сырта тұрған ойыншылар жеке-жеке кіріп, өз есімі қойылған жігітті іздеп болғаннан кейін белгілеген адамын дұрыс таппағандар айып тартады. Ал өз есімін тапқандар сол ойыншының қасына барып отырады, айып тартпайды. Айып тартушылар көпшіліктің ұйғаруымен өлең айтады, би билейді. Әйтеуір, білген өнерін көрсетеді. Осылайша, ойын қайталанып біткеннен кейін екі топтың ойыншылары орындарын ауыстырады, ойын қайта басталады.

АЙҚҰЛАҚ

Қасқыр болатын баланың екі шекесіне қияны тікейтіп, орамалмен маңдайын байлап, арқасына киім-кешекті тығып томпайтып, белін астынан буып «қасқыр» қылып болған соң балаларға жуытпай, анадай бір бұтаның тасасына жатқызады. Айқұлақ – көктемнен бастап жаз бойы ойнайтын ойын. Айқұлақты ойнау үшін кешке таман жұрт аяғы басылған соң балалар жиналып, өздерінің арасынан үш баланы шығарады: бірі – «қасқыр», бірі – «қойшы», бірі – «ит». Қойшы болатын баланың үстіне жыртық шапан, басына жаман бөрік кигізіп, қолына бір таяқ беріп, «ит»

> **Айқұлақты ойнау үшін кешке таман жұрт аяғы басылған соң балалар жиналып, өздерінің арасынан үш баланы шығарады: бірі – «қасқыр», бірі – «қойшы», бірі – «ит». Қойшы болатын баланың үстіне жыртық шапан, басына жаман бөрік кигізіп, қолына бір таяқ беріп, «ит» болған баланы қасына ертіп, қойлардың жанына жатқызады.**

болған баланы қасына ертіп, қойлардың жанына жатқызады. Қалған бір топ баланы «қой» қылып көгендеп қояды. Біраздан соң «қойлар» дүр етіп үркеді, сол уақытта «ит» те абалап, «қасқырменен» арсылдасып қалған кезде «қойшы» да айтақтап, «лақ-қозыны» айырып қалады. Сөйтіп, «қасқыр» бірде құр кетіп, бірде алып кетіп жүріп, ақырында сол «қойлардың» бәрін де тауысады. Міне, ойын осылай бітіп, екінші басталғанда да сол бұрынғы тәртіппен өтетін болады. Бұл ойын жастарға таза ауада демалуға, көңіл көтеруге, шынығуға, өмірді түсініп, білуге жәрдемдеседі.

БЕЛБЕУ ТАСТАУ

Ойынға жиналғандар дөңгелене шеңбер бойына отырады. Жүргізуші шеңбер сыртында белбеуді қолына ұстап жүгіре басып айналып жүреді де, өзінің көңіліне жаққан ойыншысының артына білдірмей тастауға тырысады (егер ол біліп қойса тастамау керек). Жүргізуші білдірмей тастап кетсе, шеңберді айналып қайтып келіп, белбеуді алады да, артында белбеу жатқан ойыншыны «Орнынды тап» деп белбеумен ұрады. Сөйтіп, шеңберді айналдыра қуалап, қайтып орнына келгенше соғады. Ал ойнаушы белбеуді артына тастап кеткенін біліп қойса, белбеуді ала салып, ойын жүргізушінің өзі босатқан орынға жеткенше қуалайды. Ойын осылай жалғаса береді.

NAVRUZ YOUTH WORLD ФЕСТИВАЛІНЕ ҚАТЫСТЫ

Осы күндері Тәжікстанда Наурыз мерекесіне орай Navruz Youth World Festival бүкіләлемдік жастар фестивалі өтіп жатыр. Іс-шараға 26 елдің делегаттары, соның ішінде Қазақстанның белсенді жастары мен волонтерлері қатысуда.

Халықаралық фестиваль – мәдениеттер тоғысқан, достық пен жаңарудың жарқын символына айналған ерекше мереке. Бұл шара тек Наурыз мейрамының рухын дәріптеп қана қоймай, сонымен қатар мәдени алмасуды нығайтуға және БҰҰ-ның тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған.

Фестиваль аясында білім беру, инклюзия, жұмыспен қамту және экология сынды өзекті мәселелерге назар аударылып, жастар саясатының негізгі бағыттары талқыланды. Әрбір күн – жаңа қала, жаңа идеялар мен тың бастамалардың алаңы. Душанбеден бастау алған мерекелік керуен Айни, Пенжакент, Истаравшан және Худжанд қалаларына жол тартып, әр өңірдің өзіндік ерекшеліктерін паш етеді.

Бағдарлама аясында білім беру және пікірталас алаңдары ұйымдастырылып, жас кәсіпкерлерге арналған стартап зертханалары, спорттық сайыстар мен мәдени ойын-сауық шаралары өткізілуде. Бұл фестиваль жаңа мүмкіндіктер, шабыт пен достық көпірін орнататын бірегей алаңға айналды.

ҰЛТТЫҚ РУХЫМЫЗ АСҚАҚТАР СӘТ

Қазақ күйінің құдіреті тағы бір мәрте асқақтады! «Күй күмбірі» акциясы аясында еліміздің түкпір-түкпіріндегі мектептерде 1 миллионға жуық оқушы мен педагог бір мезетте күй тартып, ұлттық музыканың ұлы дәстүрін дәріптемек. Бұл туралы Оқу-ағарту министрлігі Тәрбие жұмысы және қосымша білім беру департаментінің директоры Ерлан Қалмақов мәлімдеді.

– Қазір білім беру ұйымдарында «Наурызнама» тұжырымдамасына сай түрлі іс-шара ұйымдастырылуда. Солардың ішінде дәстүрге айналған «Күй күмбірі» акциясы ерекше орын алады. 20 наурыз күні сағат 11.00-де барлық мектепте күмбірлеген күй әуені бір уақытта шарықтайды. Бұл шараға 1 миллионға жуық оқушы мен мұғалім қатысады деп күтілуде, – деді департамент басшысы.

Сонымен қатар Ерлан Қалмақов жас ұрпақтың рухани дамуы үшін қолға алынған тағы бір маңызды бастама – «Балалар кітапханасы» жобасы жайында да айтып өтті. Бұл жоба оқушылардың оқу сауаттылығы мен оқырмандық мәдениетін қалыптастырып, олардың ой-өрісін кеңейтуге бағытталған. Оның аясында жас оқырмандар үшін арнайы іріктелген 2 580 кітаптың тізімі бекітілді.

Музыка мен кітап – ұлттың рухани қазынасы. Ал бұл бастамалар – сол бай мұраны келер ұрпаққа аманаттаудың айқын көрінісі!

Кәмила ЕРКІН

AMANAT MEDIA GROUP
AIQYN
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор
Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ– Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА – Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4571
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор – Айхан ШӘРІП